

Дербес шоттарды жүргізу ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 29 желтоқсандағы N 622 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылғы 29 желтоқсанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5446 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 27 ақпандағы № 306 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Қаржы министрінің 27.02.2018 № 306 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндепті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы " Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Дербес шоттарды жүргізу ережелері бекітілсін.
2. Келесі қосымша бойынша көрсетілген нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп танылсын.
3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті (Д.Е. Ерғожин) осы бұйрықты заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін .
4. Осы бұйрық ресми жариялғанының бірінші күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2009 жылғы 1 қаңтардан шығатын қатынастарға жаратылады.

Министр

Б. Жемішев

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
29 желтоқсан 2008 жылғы
N 622 бұйрығымен бекітілген

Дербес шоттарды жүргізу ережелері

Ескерту. Ереже жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 29.12.2014 № 593 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізілсін) бұйрығымен.

1. Жалпы ережелер

1-бап. Кіріспе

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес өзірленді және салық төлеушілердің, салық агенттерінің дербес шоттарын жүргізу мен мемлекеттік кірістер органдарында салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдерді, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы қорларына міндettі зейнетақы жарналарын, міндettі кәсіптік зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндettі зейнетақы жарналарын (бұдан әрі - міндettі зейнетақы жарналары), Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды (бұдан әрі - әлеуметтік аударымдар), әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдарды және (немесе) жарналарды (бұдан әрі – міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар және (немесе) жарналар) есепке алу тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

2. Салық төлеушінің (салық агентінің) жеке шоты осы Ережелердің 1, 2, 3, 4, 5 және 42-қосымшаларына сәйкес нысан бойынша салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдердің, міндettі зейнетақы жарналарының, міндettі кәсіптік зейнетақы жарналарының, әлеуметтік аударымдардың есептелген, есепке жазылған (азайтылған), аударылған және төленген (есепке жатқызылғандары және қайтарылғандары ескерілген) сомасын, сондай-ақ есімпұлдар мен айыппұлдардың сомасын есепке алуға арналған құжат, оның ішінде электрондық нысандағы құжатты білдіреді.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

3. Салық төлеушілердің (салық агенттерінің) дербес шоттары ұлттық валютада жүргізіледі.

4. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер түсімдерінің есебі бірыңғай бюджеттік сыныптамасына сәйкес жүргізіледі.

5. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдерді республикалық және жергілікті бюджет арасында бөлу Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес жүргізіледі.

6. Мемлекеттік кірістер органдары осы Ережелерге 6-қосымшаға сәйкес мемлекеттік кірістер органдарында есеп жүргізілетін, Салық және басқа да міндettі төлемдердің, міндettі зейнетақы жарналарының, әлеуметтік аударымдардың, міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдардың және (немесе) жарналардың тізбесіне сәйкес кірістердің, міндettі зейнетақы жарналарының, әлеуметтік аударымдардың, міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдардың және (немесе) жарналардың бюджеттік

жіктеуішінің тиісті кодтары бойынша әрбір салық төлеушіге (салық агентіне) дербес шот ашады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – КР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

2-бап. Осы Ережелерде қолданылатын терминдер мен ұғымдарылар

7. Осы Ережелерде пайдаланылатын салық заңнамасының ұғымдары мен терминдері Қазақстан Республикасының салық заңнамасында қалай жазылса, сол мәнде қолданылады.

8. Осы Ережелерде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) есеп жүргізуге жауапты лауазымды тұлға - салықтардың, бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдердің, міндettі зейнетақы журналары мен әлеуметтік аударымдардың, міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдардың және (немесе) журналардың, сондай-ақ дербес шоттардағы өсімпүлдар мен айыппүлдардың қоса есептелген (есептелген, кемітілген) және төленген (есепке жатқызылған, қайтарылған) сомаларының есебінің дұрыс жүргізілуіне бақылау және есептілікті дұрыс жасау функцияларын атқаратын тұлға;

2) міндettемелердің орындауына бақылау бойынша лауазымды тұлға - салық төлеушінің (салық агентінің) салық міндettемелерін, міндettі зейнетақы журналарын аудару, әлеуметтік аударымдарды, міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдарды және (немесе) журналарды төлеу бойынша міндettемелерін орындауына бақылау бойынша лауазымды тұлға;

3) салық есептілігі бойынша бақылауды жүзеге асыратын лауазымды тұлға - салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдердің, міндettі зейнетақы журналарының, әлеуметтік аударымдардың, міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдардың және (немесе) журналардың қоса есептелген (есептелген, кемітілген) сомалары бойынша ақпаратты енгізу және (немесе) бақылау функцияларын орындауышы тұлға;

4) салық тексеруін жүзеге асыратын лауазымды тұлға - мемлекеттік кірістер органының салық тексеруін тағайындау (жүргізу) туралы актісімен белгіленген тұлға;

5) салық төлеушінің жанама салықтарды төлеу бойынша салық міндettемелерін орындауына бақылауды жүзеге асыратын лауазымды тұлға - кеден одағына мүше мемлекеттердің аумақтарынан Қазақстан Республикасының аумағына тауарлар импорты кезінде салық төлеушінің жанама салықтарды төлеу бойынша салық міндettемелерін орындауына бақылау функциясын орындаштын тұлға;

6) салықтың және басқа да міндетті төлемнің коды - Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасы бойынша бюджет кірістерін жіктеу бойынша төлемнің сандық белгіленуі;

7) салыстыру актісі - мемлекеттік кірістер органының және салық төлеушінің (салық агентінің) дерегі бойынша айқындалған күнге салықтардың, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, міндетті зейнетақы журналары мен әлеуметтік аударымдардың, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдардың және (немесе) журналардың, сондай-ақ өсімпұлдар мен айыппұлдардың есептелген (қоса есептелген, кемітілген) және төленген (есепке жатқызылған, қайтарылған) сомалары жөніндегі құжат;

8) уәкілетті орган - салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсін қамтамасыз ету саласындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

9) іріктеу - бұрын дербес шотта жүргізілген соманы нөлге келтіру мақсатында растайтын құжаттар негізінде дербес шоттың тиісті бағандарындағы ("Есептелді", "Кемітілді") қосымша есепке алу жазбасы.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

3-параграф. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, сондай-ақ міндетті зейнетақы журналарының, әлеуметтік аударымдардың, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдардың және (немесе) журналардың есебі бойынша жұмыстарды үйімдастыру

Ескерту. 3-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

9. Мемлекеттік кірістер органдарында салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, міндетті зейнетақы журналары мен әлеуметтік аударымдардың, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдардың және (немесе) журналардың, сондай-ақ өсімпұлдар мен айыппұлдардың есебі "Орталықтандырылған біріздендірілген дербес шот" ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі - АЖ ОБДШ) жүргізіледі.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

10. Дербес шоттарда бар ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігі мемлекеттік кіріс органдарының лауазымды тұлғаларына беріледі. Ақпараттық жүйе ақпаратқа

рұқсат етілмеген қол жеткізуден қорғауды және оның сақталуын қамтамасыз етеді.

11. Мемлекеттік кірістер органдарындағы салықтарды, бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдерді, міндettі зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдарды, міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдарды және (немесе) жарналарды есепке алу есеп құжаттамасында қағаз және (немесе) электронды тасығыштарда жүргізіледі:

тізілімдерде:

осы Ережелерге 7-қосымшаға сәйкес № 25 нысан бойынша түсімдер мен қайтарымдарды;

осы Ережелерге 8-қосымшаға сәйкес ЖЗҚ (ӘМСҚ) - № 25 нысан бойынша міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдардың және (немесе) жарналардың, міндettі зейнетақы жарналары бойынша түсімдер мен қайтарымдарды;

осы Ережелерге 9-қосымшаға сәйкес ӘСҚ - № 25 нысан бойынша әлеуметтік аударымдар бойынша түсімдер мен қайтарымдарды;

осы Ережелерге 10-қосымшаға сәйкес № 26 нысан бойынша есептеулердің мен түсімдердің жиынтық қорытындыларының есеп кітабында;

осы Ережелерге 42 және 1, 2, 3, 4, 5-қосымшаларға сәйкес дербес шоттарда;

осы Ережелерге 11-қосымшаға сәйкес бюджетке аударылған /резидент емес төлеген/ жарғылық банктік салымдарда орналастырылған резидент еместерден (занды және жеке тұлғалардан) түсетін табыс салығы сомасының есеп жаршысында;

журналдарда:

осы Ережелерге 12-қосымшаға сәйкес қате есептелген, анықталмаған салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдерді тіркеу;

осы Ережелерге 13-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасында аккредитtelген дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктерге салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдердің, өсімпұлдар мен айыппұлдардың, есепке жатқызылатын ҚҚС есептелген салық сомасынан асып кету, грант қаражаты есебінен сатып алынатын тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша төленген ҚҚС сомаларын есепке жатқызуға және қайтаруға төлем тапсырмаларын тіркеу;

осы Ережелерге 14-қосымшаға сәйкес мемлекеттік кірістер органдарының инкассалық өкімдерін тіркеу;

осы Ережелерге 15-қосымшаға сәйкес дебиторлардың шотына мемлекеттік кірістер органдарының инкассалық өкімдерін тіркеу.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (кунтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

12. Есеп жүргізуге жауапты лауазымды тұлғалар есептелген, қоса есептелген, кемітілген есептің дұрыс жүргізуін бақылайды және салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдердің, міндettі зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдардың, міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдардың және (немесе) жарналардың түскен, есепке жатқызылған, қайтарылған сомаларының, сондай-ақ салық төлеушілердің дербес шоттарындағы өсімпұлдар мен айыппұлдар сомасының есебін жүргізудің дұрыстығына және есептілікті жасаудың дұрыстығына жауап береді.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (кунтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

13. Мемлекеттік кірістер органының басшысы салықтарды, бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдерді, міндettі зейнетақы жарналарын, әлеуметтік аударымдарды, міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдарды және (немесе) жарналарды, сондай-ақ өсімпұлдар мен айыппұлдарды есепке алу жөніндегі жұмыстарға бақылауды жүзеге асырады және жасалатын есептерді тексереді, салықтарды, бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдерді, міндettі зейнетақы жарналарын, әлеуметтік аударымдарды, міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдарды және (немесе) жарналарды, сондай-ақ өсімпұлдар мен айыппұлдарды есепке қою және жұмыс жағдайына жауап береді.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (кунтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

14. Дербес шоттардағы барлық жазбалар осындай жазбалардың заңдылығын растайтын құжаттар негізінде жазба жүргізілген күнді көрсете отырып, хронологиялық тәртіпте уақтылы жүргізіледі.

15. Қаржы жылдының сонына қарай дербес шот электронды тасығыштарда мұрағаттауға және үәкілетті мемлекеттік орган бекітілген тәртіпте сақтауға жатады.

16. Салықтарды, бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдерді, міндettі зейнетақы жарналарды, әлеуметтік аударымдарды, міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдарды және (немесе) жарналарды, сондай-ақ өсімпұлдар мен айыппұлдарды есепке алу бойынша құжаттар іс номенклатурасымен айқындалған мерзім ішінде сақталады. Көрсетілген сақтау мерзімінің сонына қарай есеп жөніндегі құжаттар мемлекеттік кірістер органының мұрағатына тапсырылады.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (кунтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

4-параграф. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді , сондай-ақ міндетті зейнетакы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетакы жарналарын, әлеуметтік аударымдарды, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдарды және (немесе) жарналарды есепке алу жөніндегі құжаттама

Ескерту. 4-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

17. Салықтарды, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді, міндетті зейнетакы жарналарды, міндетті кәсіптік зейнетакы жарналарды, әлеуметтік аударымдарды, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдарды және (немесе) жарналарды, сондай-ақ өсімпұлдар мен айыппұлдарды есепке алу жөніндегі құжаттама іс номенклатурасына сәйкес құжаттардың түрлері бойынша топтастырылады және қағаз және (немесе) электронды тасығыштарда жүргізіледі :

- 1) уәкілетті мемлекеттік органдардан алынған құжаттар;
- 2) салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, өсімпұлдардың, айыппұлдардың артық (қате) төленген сомаларын есепке жатқызу және қайтару жөніндегі құжаттар;
- 3) қосылған құн салығын есепке жатқызу және қайтару жөніндегі құжаттар;
- 4) дербес шоттарды беру және қабылдау жөніндегі құжаттар;
- 5) салықтар, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, міндетті зейнетакы жарналар, міндетті кәсіптік зейнетакы жарналар мен әлеуметтік аударымдар, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар және (немесе) жарналар, сондай-ақ өсімпұлдар мен айыппұлдар бойынша салыстыру актілері;
- 6) салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемелерін орындау мерзімдерінің езгеруі туралы құжаттар;
- 7) банкрот деп танылған салық төлеушілердің салық берешегі жөніндегі құжаттары;
- 8) салық міндеттемелерінің тоқтатылуы туралы құжаттары;
- 9) таратылған салық төлеушілердің салық міндеттемелерін орындауы жөніндегі құжаттар;
- 10) заңды тұлғаның қайта ұйымдастырылуы кезіндегі салық міндеттемелерінің орындалуы жөніндегі құжаттар;
- 11) бірыңғай бюджеттік сыныптамасы бойынша бюджет деңгейлерінің арасында кірістер сыныптамасының түсімдерін бөлуді бекіту туралы бұйрықтар.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

18. Салық төлеушінің (салық агентінің) өтініші бойынша мемлекеттік кірістер органы осындай өтінішті алған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей осы Ережелерге 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша салық міндеттемесін, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстау және аудару, әлеуметтік аударымдарды, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдарды және (немесе) жарналарды есептеу және төлеу бойынша міндеттемелерді орындау бойынша бюджетпен есеп айырысуын жай-күйі туралы жеке шоттан үзінді көшірме ұсынылады.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

19. Салық төлеушінің (салық агентінің) талабы бойынша бір жұмыс күні ішінде осы Ережелерге 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар және (немесе) жарналар бойынша есеп-қисаптарды салыстырып тексеру актісін береді.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

20. Осы Ережелерге 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есебі мемлекеттік кірістер органдарында жүргізілетін берешектің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтер (бұдан әрі – Берешектің жоқ (бар) екені туралы мәліметтер) салық төлеушінің (салық агентінің) тіркеу есебінің орны бойынша мемлекеттік кірістер органына "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы, мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелерінің веб-қосымшасы арқылы, "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорация арқылы жіберілген сұрау салуы бойынша электронды түрде беріледі.

Берешектің жоқ (бар) екені туралы мәліметтерді беруге сұрау салуларды есепке алу үшін сұрау салуларды тіркеу және осы Ережелерге 20-қосымшаға сәйкес Берешектің жоқ (бар) екені туралы мәліметтерді беру журналы жүргізіледі.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 25.04.2017 № 275 (01.07.2017 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Берешектің жоқ (бар) екені туралы мәліметтер "Электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы, мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелерінің веб-қосымшасы арқылы, "Үкімет азаматтар үшін" мемлекеттік

корпорация арқылы келіп түсken сұraу салуды алған қуні салық төлеушінің тіркеу орны бойынша мемлекеттік кіrістер органдарында ашық дербес шоттардың деректері бойынша жасалады.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 09.12.2015 № 634 (01.03.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. Берешектің жоқ (бар) еkenі туралы мәліметтер "иә" немесе "жоқ" пішінінде электронды түрде:

1) занды тұлғаларды мемлекеттік тіrкеуді, қайта тіrкеуді, занды тұлғалар қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіrкеуді, құрылымдық бөлімшелерді есептік тіrкеуді, қайта тіrкеуді, есептік тіrкеуден шығаруды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органға - Бизнес-сәйкестендіру нөмірлері ұлттық тіzілімінің мәліметтері негізінде;

2) ішкі істер органдарына - олардің сұraу салуы бойынша беріледі.

23. Берешектің жоқ (бар) еkenі туралы мәліметтер осы Ережелерге 19-қосымшага сәйкес нысан бойынша:

1) мемлекеттік органдарға және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасында осындай мәліметтерді беру көзделген адамдарға - осындай органның және (немесе) адамның сұraу салуы бойынша;

2) электрондық мемлекеттік сатып алуға қатысушы салық төлеушіге - оның сұraу салуы бойынша беріледі.

24. Құрылымдық бөлімшелері бар занды тұлғалар бойынша Берешектің жоқ (бар) еkenі туралы мәліметтер занды тұлғаның және оның құрылымдық бөлімшелерінің тіrкеу есебінің орны бойынша мемлекеттік кіrістер органдарында ашық занды тұлғаның және оның құрылымдық бөлімшелерінің дербес шоттарының жағдайын есепке ала отырып занды тұлғаның орналасқан орны бойынша жасалады.

25. Құрылымдық бөлімшениң Берешектің жоқ (бар) еkenі туралы мәліметтерінде осы құрылымдық бөлімшениң тіrкеу есебінің орны бойынша мемлекеттік кіrістер органдарында ашық дербес шоттарының жай-күйі туралы ақпарат көрсетіледі.

26. Берешектің жоқ (бар) еkenі туралы мәліметтерде барлық мемлекеттік кіrістер органдарынан дербес шоттардың жай-күйі туралы жиынтық ақпарат көрсетіледі. Берешектің жоқ (бар) еkenі туралы мәліметтердің әрбір мемлекеттік кіrістер органдары бойынша дербес шоттардың жай-күйі туралы ақпарат көрсетілетін қосымшалары бар. Мемлекеттік кіrістер органдарында артық төлеу немесе салық берешегі, міndетті зейнетақы жарналары, міndетті кәsіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегі болмаған жағдайда мұндай ақпарат қосымшаларда көрсетіlmейді

27. Берешектің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтер уәкілетті органның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылады.

Берешектің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтерде барлық мемлекеттік кірістер органдарынан дербес шоттар бойынша мәліметтер алғынған уақыты мен күні көрсетіледі

2. Дербес шоттарды жүргізу. Жеке тұлғалардан салық жинау және олардың бюджетке түсіү бойынша жергілікті атқарушы органдардың жұмыстарын бақылау

5-бап. Дербес шоттарды ашу тәртібі

28. Салық төлеушілердің (салық агенттерінің) салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша салық міндеттемелерін, міндетті зейнетақы жарналарын аудару, әлеуметтік аударымдарды, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдарды және (немесе) жарналарды, сондай-ақ есімпұлдар мен айыппұлдар төлеу бойынша міндеттемелерін орындау есебін жүргізу үшін мемлекеттік кірістер органдарында дербес шоттар ашылады.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

29. Дербес шотты ашу кезінде салық төлеушінің (салық агентінің) тіркеу деректері, болған жағдайда - сәйкестендіру номірі негіз қызметін атқарады.

30. Дербес шоттар занды тұлға, оның құрылымдық бөлімшелері, сондай-ақ резидент емес занды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі, жеке кәсіпкер, жеке нотариус, адвокат, жеке сот орындаушысы, Қазақстан Республикасында филиал, өкілдік ашпай тұрақты мекеме арқылы қызметін жүзеге асыратын резидент емес занды тұлға, тәуелді агент арқылы қызметін жүзеге асыратын, сондай-ақ Салық кодексінде белгіленген тәртіpte салық агенті болып табылатын резидент емес тұлға үшін:

- орналасқан орны бойынша;
- салық салу объектісінің және (немесе) салық салуға байланысты объектісінің орналасқан орны бойынша.

Жеке тұлға үшін дербес шоттар:

- резиденттің тұрғылықты орны бойынша;
- салық салу объектісінің және (немесе) салық салуға байланысты объектісінің орналасқан орны бойынша;
- резидент еместің келу орны бойынша, банктін орналасқан жері бойынша;
- салық салу объектісінің және (немесе) салық салуға байланысты объектісінің орналасқан орны бойынша.

31. Салық салу объектісінің және (немесе) салық салуға байланысты объектісінің орналасқан орны бойынша жеке тұлғалар үшін дербес шоттар Салық салу объектісінің және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді есепке алу және (немесе) тіркеуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органдар берген мәліметтер негізінде ашылады.

32. Дербес шот мемлекеттік кірістер органдарында Салық және басқа да міндетті төлемдер, міндетті зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар және (немесе) жарналар тізбесіне сәйкес есеп жүргізілетін бюджеттің кірістері, міндетті зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар және (немесе) жарналар жіктемесінің кодтары бойынша, сондай-ақ салық тексерулерін жүргізу кезінде қоса есептелген міндетті төлемдердің сомалары бойынша ашылады.

Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (құнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

33. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, міндетті зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар және (немесе) жарналар, өсімпұлдар, айыппұлдар бойынша есептердің сальдосы дербес шоттың "Сальдо" тиісті бағанында көрсетіледі: берешегі болған кезде "алу" (-) белгісімен, артқы төленген кезде "косу" (+) белгісімен көрсетіледі.

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (құнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

34. Төлеу мерзімі өзгертилген импортталатын тауарларға қосылған құн салығы бойынша дербес шот төлемнің белгіленген тиісті коды көрсетілген кезде импортталатын тауарлар бойынша қосылған құн салығының сомасын бюджетке төлеу сәтінен бастап немесе импортталатын тауарларға қосылған құн салығы бойынша салық міндептемелерін орындау мерзімі келген салық кезеңі үшін Қосылған құн салығы бойынша декларация мемлекеттік кіріс органына берілген сәттен бастап ашылады.

35. Дербес шотта мынадай жазбалар жүргізіледі:

"Төлеу мерзімі" 4-бағанында мынадай құндердің бірі көрсетіледі:

1) импортталатын өнеркәсіптік қайта өндеуге арналған тауарлар бойынша қосылған құн салығын өтеу үшін белгіленген төлеу құні;

импортталатын су, газ, электр қуаты бойынша қосылған құн салығын өтеу үшін белгіленген төлеу құні;

2) "Есептелді" 7-бағанында салық есептілігінің деректері бойынша төлеу мерзімі өзгертилген имортталатын тауарлар бойынша қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі.

36. Төлеу мерзімі өзгертілген импортталатын тауарлар бойынша қосылған құн салығының бюджетке төленген сомасы төлемнің белгіленген тиісті коды көрсетіле отырып дербес шоттың "Төленді" 9-бағанында көрсетіледі.

37. Төлеу мерзімі өзгертілген имортталатын тауарлар бойынша қосылған құн салығының өтелмеген сомасына өсімақы салықты төлеудің өзгертілген мерзімі өткеннен кейінгі бірінші қүннен бастап есептеледі.

38. Занды тұлғалардың дербес шоттарында мынадай деректемелер көрсетіледі:

1) толық атауы;

2) БСН;

3) бюджет кірісінің жіктемесі бойынша салық (төлем) коды;

4) ҚҚС бойынша дербес шотта - сериясын, нөмірін және қосылған

39. Жеке кәсіпкерлерді қоса алғанда, жеке тұлғалардың дербес шоттарында:

1) ЖСН/БСН;

2) тегі, аты, әкесінің аты;

3) бжеке кәсіпкердің атауы

4) бюджет кірісінің жіктемесі бойынша салық (төлем) коды көрсетіледі.

40. Дербес шоттарды ашу, жүргізу, беру, жабу кезінде тіркеу деректерінен салық төлеушілер (салық агенттері) туралы қажетті ақпарат пайдаланылады.

41. Занды тұлғалардың құрылымдық бөлімшелерінің дербес шоттарын ашу кезінде, жоғарыда көрсетілген деректемелерден басқа қосымша занды тұлғаның СТН (БСН (болған жағдайда) көрсетіледі.

42. Дербес шоттарды ашу, жүргізу, жабу, беру кезінде, занды тұлғаның таратылуы, қайта ұйымдастырылуы, салық төлеушіні банкрот деп тану, сottтың жеке тұлғаны хабарсыз жоғалған деп тануы, жеке тұлғаны қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімінің күшіне енүі кезінде мемлекеттік кіріс органдары :

1) занды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді, қайта тіркеуді және таратуды жүзеге асыратын;

2) статистика;

3) салық салу объектілерін есепке алу және (немесе) тіркеуді жүзеге асыратын;

4) лицензия, куәлік немесе өзге де рұқсат беруші және тіркеу сипаттағы құжаттарды беретін;

5) Қазақстан Республикасында олардың тұрғылықты орны бойынша жеке тұлғаларды тіркеуді жүзеге асыратын;

6) азаматтық хал актілерін тіркеуді жүзеге асыратын;

7) нотариалдық әрекеттерді жасауды жүзеге асыратын;

8) қамқорлық және қамқоршылық;

9) сот органдарымен тиісті уәкілетті мемлекеттік органдар берген құжаттарды басшылыққа алады.

Алынған құжаттардың мазмұнына байланысты міндеттемелердің орындалуына бақылау бойынша лауазымды тұлға Салық кодексіне сәйкес шешім қабылдайды және есеп жүргізуге жауапты лауазымды тұлғаға салық төлеушінің дербес шотындағы тиісті операцияларды жүргізу үшін ақпаратты береді.

6-бап. Дербес шоттарды жүргізу тәртібі

43. Дербес шоттар тенгеде және тыында жүргізіледі.

44. Дербес шоттарда салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді, міндетті зейнетақы жарналарын, әлеуметтік аударымдарды, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдарды және (немесе) жарналарды, өсімпұлдарды және айыппұлдарды есептеу, қоса есептеу, кеміту, төлеу, есепке жатқызу, қайтару бойынша жазбалар мыналардын:

осы Ережелерге 21-қосымшаға сәйкес Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, міндетті зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар және (немесе) жарналар мен өсімпұлдар сомаларын қоса есептеуге (кемітуге) тізілім;

осы Ережелерге 22-қосымшаға сәйкес салық тексерулерінің нәтижелері мен әкімшілік жазаларды қолдану туралы қаулылар бойынша Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, міндетті зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар және (немесе) жарналар, өсімпұлдар мен айыппұлдар сомаларын қоса есептеуге (кемітуге) тізілім;

төлеуге қоса берілген төлем құжаттарымен бірге күнделікті түсімдер бойынша тізілімнің;

осы Ережелерге 23-қосымшаға сәйкес Салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту жөніндегі тізілімнің негізінде жүргізіледі.

Ескерту. 44-тармақ жаңа редакцияда - КР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (құнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

45. Дербес шотта әрбір операцияны өткізу кезінде: операция жазбасы жазылған құн, операция мазмұны және (немесе) негізінде жазба жүргізілген құжат.

46. Операция жазбасы жазылған әрбір құні салық төлеушінің (салық агентінің) салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, міндетті зейнетақы

жарналар, әлеуметтік аударымдар, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар және (немесе) жарналар бойынша есептерінің сальдосы, өсімпұлдар, айыппұлдар сомасы айқындалады.

Ескерту. 46-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (кунтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

47. Дербес шот бойынша ай сайын, тоқсан сайын есепті ай үшін, тоқсан үшін және өспелі жиынтықпен небәрі жыл үшін салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, міндетті зейнетақы жарналардың, әлеуметтік аударымдардың, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдардың және (немесе) жарналардың, өсімпұлдар мен айыппұлдардың есептелген, қоса есептелген, кемітілген, төленген, есепке жатқызылған, қайтарылған сомасы бойынша жалпы қорытынды есептеп шығарылады.

Ескерту. 47-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (кунтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

48. Салық және басқа да міндетті төлемдер, міндетті зейнетақы жарналарын, әлеуметтік аударымдарды, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдарды және (немесе) жарналарды есептеу (қосып есептеу), кеміту, төлеу, қайтару бойынша барлық жазбалар "Есептелді", "Кемітілді", "Қайтарылды" деген бағандарға бөлінетін "Салық және басқа да міндетті төлемдер бойынша есептер" деген жалпы бағанда жүргізіледі.

Дербес шоттың "Есептер сальдосы (бересі (-), немесе (артық төлеу (+))" деген бағаны мынадай арифметикалық әрекет негізінде есептеледі:

"Есепті салық кезеңінің басына есептер сальдосы" деген баған алынған "Есептелді" бағаны қосылған "Кемітілді" бағаны қосылған "Төленді" бағаны алынған "Қайтарылды" бағаны қосылған "Өзгертілген салық міндеттемесін орындау мерзімі бойынша салық (төлем) сомасы" деген баған.

Ескерту. 48-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (кунтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

49. Өсімақыларды есептеу, кеміту, төлеу, есепке жатқызу, қайтару бойынша барлық жазбалар "Өсімақылар есептелді", "Кезең", "Өсімақылар төленді (қайтарылды)", "Өсімақылар сальдосы" деген бағандарға бөлінетін "Өсімақыларды есептеу бойынша есептер" деген жалпы бағанда жүргізіледі.

"Өсімақылар сальдосы (Бересі (-), немесе (Артық төлеу (+))" деген бағаны мынадай арифметикалық әрекет негізінде есептеледі:

"Есепті салық кезеңің басына өсімақылар сальдосы" деген баған алынған "Өсімақы есептелді" бағаны қосылған "Өсімақы кемітілді" бағаны қосылған "Өсімақы төленді" бағаны алынған "Өсімақы қайтарылды" бағаны қосылған "Өзгертілген салық міндеттемесін орындау мерзімі бойынша өсімақы сомасы" деген баған.

50. Айыппұлдарды есептеу, кеміту, төлеу, қайтару бойынша барлық жазбалар "Айыппұл есептелді", "Айыппұл төленді (қайтарылды)", "Айыппұл сальдосы" деген бағандарға бөлінетін "Айыппұлды есептеу бойынша есептер" деген жалпы бағанда жүргізіледі.

"Айыппұл сальдосы (Бересі (-), немесе (Артық төлеу (+))" деген бағаны мынадай арифметикалық әрекет негізінде есептеледі:

"Есепті салық кезеңнің басына айыппұлдар сальдосы" деген баған алынған "Айыппұл есептелді" бағаны қосылған "Айыппұл кемітілді" бағаны қосылған "Айыппұл төленді" бағаны алынған "Айыппұл қайтарылды" бағаны қосылған "Өзгертілген салық міндеттемесін орындау мерзімі бойынша айыппұл сомасы" деген баған.

51. "Қайтарымдарды шегерумен жылдың басынан бастап барлығы енгізілді" бағаны "Қайтарылды (-)" бағаны бойынша тиісінше қайтарымдар сомасын есепке ала отырып, салық жылышының басынан өспелі жиынтықпен салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді, міндетті зейнетақы жарналарын, әлеуметтік аударымдарды, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдарды және (немесе) жарналарды, өсімпұлдар мен айыппұлдарды төлеудің жиынтықтау көрсеткіші негізінде есептеледі.

Ескерту. 51-тармақ жаңа редакцияда - КР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (кунтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

52. Дербес шоттың "Салық міндеттемесін орындау мерзімінің өзгерісі жөніндегі мәлімет" деген бағанында есеп жүргізуге жауапты лауазымды тұлғаға міндеттеменің орындалуына бақылау бойынша лауазымды тұлға беретін Салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту жөніндегі Тізілім негізінде салықты (төлемді) және өсімақы өтеу сомасы мен кестесі бөлек көрсетіледі.

53. Салық төлеушілердің төлеу бойынша салық міндеттемесін орындаудын есепке алу төлем құжаттарынан төлем белгілеу кодтарғы ескеріле отырып, жүргізіледі.

7-бап. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің есептелген (қоса есептелген) сомасының есебі

54. Занды тұлғалардың және жеке кәсіпкерлердің салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша салық міндеттемелерінің жазбасы дербес шоттың "Есептелді", "Кемітілді" бағанында бақылау үшін есеп жүргізуге жауапты лауазымды тұлғаға салық есептілігі бойынша бақылауды жүзеге

асыратын лауазымды тұлға берген Салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер, міндettі зейнетақы журналары, әлеуметтік аударымдар және есімақылардың сомасын есептеуге (кемітуге) негізінде жүзеге асырылады.

55. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдердің, міндettі зейнетақы журналарын, әлеуметтік аударымдарды, міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар және (немесе) журналарды және есімпұлдардың сомаларын есептеуге (кемітуге) тізілімді (бұдан әрі - Есептеу тізілімі) салық есептілігі бойынша бақылауды жүзеге асыратын лауазымды тұлға мыналардың:

салық төлеуші (салық агенті) жасауға тиісті салық декларацияларының, есептердің;

патент негізінде арнаулы салық режимін қолдануға өтініштердің;

уәкілетті органдардан алынған мәліметтердің;

мемлекеттік кірістер органының шешімдерінің негізінде жасайды.

Ескерту. 55-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

56. Есептеуге тізілім салық төлеушінің жанама салықтарды төлеу бойынша салық міндettемелерін орындауды бақылауды жүзеге асыратын лауазымды тұлға:

- 1) жанама салықтардың сомаларын есептеу туралы мімм мемлекеттік кіріс органының қорытындысы;
- 2) қайта өндеу өнімдерін әкелу туралы міндettеме;
- 3) қайта өндеу өнімдерін әкету туралы міндettеме;
- 4) қайта өндеу өнімдерін әкету туралы міндettеменің орындалуы туралы есеп ;
- 5) қайта өндеу өнімдерін әкелу туралы міндettеменің орындалуы туралы есеп ;
- 6) көрме-жәрменқелік сауда өткізу туралы хабарлама;
- 7) көрме-жәрменқелік сауда өткізу туралы хабарлама бойынша есеп негізінде жасайды.

57. Есептеу тізілімінде:

- 1) салық төлеушінің атауы және БСН/ЖСН;
- 2) салық (төлем) түрі және бюджет жіктемесінің коды;
- 3) "Салық есептілігі бойынша есептеуге (кемітуге)" деген бағандарда - салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдердің, міндettі зейнетақы журналарының, әлеуметтік аударымдардың, міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдардың және (немесе) журналардың қоса есептеуге немесе кемітуге сомасы;

4) оның негізінде дербес шотқа жазба жүргізілетін құжаттың атауы, күні және нөмірі;

5) төлеу кезеңі мен мерзімі;

6) күні, тиісінше тізілімді тапсырған және қабылдаған қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде) және қолы көрсетілуі қажет.

Ескерту. 57-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017

№ 443 (күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

58. Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтінішті Салық кодексінің 276-21-бабы 1-тармағында белгіленген мерзімде тапсырмаған кезде жанама салықтардың есептелген сомалары бойынша дербес шотқа жазба Есептеуге тізілім негізінде жүргізіледі.

59. Есептеуге тізілімнің 9-бағанында оның негізінде дербес шотқа жазба жүргізілетін құжаттың атауы көрсетіледі - жанама салық сомаларын есептеу туралы туралы мемлекеттік кіріс органының қорытындысы.

60. Есептеуге тізілімді оның жасалуына жауапты лауазымды тұлға жасайды және Салық кодексінің 276-21-бабы 1-тармағында белгіленген мерзімі болғаннан кейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей есептің жүргізілуіне жауапты лауазымды тұлғаға табыс етеді.

Есептің жүргізілуіне жауапты лауазымды тұлға Есептеуге тізілімді алған күні оның негізінде дербес шотқа жазба жүргізілген құжат - жанама салық сомаларын есептеу туралы мемлекеттік кірістер органының қорытындысы көрсетіле отырып, тиісті бюджет жіктеуішінің коды бойынша дербес шоттың "Есептелді" кестесіне есептелген салық сомасын таратып жазады.

61. Қазақстан Республикасының мемлекеттік кіріс органына Салық кодексінің 276-21-бабы 1-тармағында белгіленген мерзім өткеннен кейін тауарларды әкелу және жанама салықтардың төленгені туралы өтінішті қағаз жеткізгіште ұсынылған не электрондық түрде түскен жағдайда салық төлеушінің жанама салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемелерін орындаудың бақылауды жүзеге асыратын лауазымды тұлға осындай өтінішті салық төлеуші қағаз жеткізгіште ұсынылған не электрондық түрде түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде есептің жүргізілуіне жауапты лауазымды тұлғаға бұрын "кемітүге" есептелген салық сомасы көрсетілетін жанама салық сомаларын есептеу туралы мемлекеттік кірістер органының қорытындысы негізінде жасалған Есептеуге тізілімді жібереді. Есептің жүргізілуіне жауапты лауазымды тұлға Есептеуге тізілімді алған күні тиісті бюджет жіктеуішінің коды бойынша дербес шоттың "Кемітілді" кестесіне салық сомасын таратып жазады.

Бұл ретте Салық кодексінің 276-21-бабы 1-тармағында белгіленген мерзімде салық төлеуші тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтінішті

тапсырмалан немесе оның электрондық түрде тұспеген жағдайда салық сомасына қоса есептелген өсімпұл дербес шоттан іріктеуге жатпайды.

62. Салық төлеуші орналасқан орны бойынша мемлекеттік кірістер органына Қайта өндеу өнімдерін әкету туралы міндеттемені, Қайта өндеу өнімдерін әкелу туралы міндеттемені ұсынған кезде салық төлеушінің жанама салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемелерін орындауды бақылауды жүзеге асыратын лауазымды тұлға оларды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде осы міндеттемелердің негізінде бір уақытта:

1) салық төлеу мерзімін көрсете отырып, Есептеуге тізілімді:

Кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына қайта өндеу үшін алыс-беріс шикізатын әкелген кезде - алыс-беріс шикізатын әкелу күні;

Қазақстан Республикасының аумағынан Кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағына қайта өндеу үшін алыс-беріс шикізатын әкелген кезде - алыс-беріс шикізатын әкелу күні;

2) Салықтарды, өсімпұлдарды төлеу бойынша салық міндеттемесінің орындалуын өзгерту (тоқтата тұру) бойынша тізілімді жасайды.

Бұл ретте салықтарды, өсімпұлдарды төлеу бойынша салық міндеттемесінің орындалуын өзгерту (тоқтата тұру) бойынша тізілімнің 7-бағанында:

Қайта өндеу өнімдерін әкету туралы міндеттемені тапсырған кезде:

Қайта өндеу өнімдерін әкету туралы міндеттемені орындағаны туралы есепті тапсыру үшін белгіленген мерзімге дейін алыс-беріс шикізатын әкелген күннен салық міндеттемесінің орындалуын өзгерту мерзімі көрсетіледі. Кеден одағына мүше басқа мемлекеттің аумағынан қайта өндеу үшін Қазақстан Республикасының аумағына бұрын әкелген алыс-беріс шикізатының қайта өндеу өнімдерін Кеден одағына мүше болып табылмайтын мемлекеттің аумағына одан әрі экспорттаған жағдайда, - Қайта өндеу өнімдерін әкету туралы міндеттемені орындағаны туралы есепті тапсыру үшін белгіленген мерзімге дейін, бұл ретте Есепке кеден одағына мүше болып табылмайтын мемлекеттің аумағына тауарларды әкеткен кезде рәсімделген кедендік жүк декларациясының көшірмесі қоса беріледі;

Қайта өндеу өнімдерін әкелу туралы міндеттемені тапсырған кезде:

Қайта өндеу өнімдерін әкету туралы міндеттемені орындағаны туралы есепті тапсыру үшін белгіленген мерзімге дейін алыс-беріс шикізатын әкеткен күннен салық міндеттемесінің орындалуын өзгерту мерзімі көрсетіледі. Кеден одағына мүше басқа мемлекеттің аумағынан қайта өндеу үшін Қазақстан Республикасының аумағына бұрын әкелген алыс-беріс шикізатының қайта өндеу өнімдерін Кеден одағына мүше мемлекеттің аумағында өткізген жағдайда, - тауарларды әкелу және жанама салықтарды төленгені туралы өтінішті тапсыру

үшін белгіленген мерзімге дейін көрсетіледі. Кеден одағына мұше басқа мемлекеттің аумағынан қайта өндеу үшін Қазақстан Республикасының аумағына бұрын әкелген алыс-беріс шикізатының қайта өндеу өнімдерін Кеден одағына мұше болып табылмайтын мемлекеттің аумағына одан әрі экспорттаған жағдайда , - Қайта өндеу өнімдерін әкету туралы міндеттемені орындағаны туралы есепті тапсыру үшін белгіленген мерзімге дейін, бұл ретте мемлекеттік кірістер органына тапсырылатын Есептің орнына кедендік жүк декларациясы табыс етіледі.

63. Есепке алуды жүргізуге жауапты лауазымды тұлға осы Ереженің 62-тармағында көрсетілген Есептеуге арналған тізілім мен Салықтарды, өсімпұлдарды төлеу бойынша салық міндеттемесінің орындалуын өзгерту (тоқтата тұру) бойынша тізілімді алған күні бір мезгілде "Есептелді" және "Салықтарды, өсімпұлдарды төлеу бойынша салық міндеттемесінің орындалуын өзгерту (тоқтата тұру) бойынша мәліметтер" бағандарына есептелген салықтың сомаларын таратып жазады. Бұл ретте есептелген салықтың сомасы "Салықтарды, өсімпұлдарды төлеу бойынша салық міндеттемесінің орындалуын өзгерту (тоқтата тұру) бойынша мәліметтер" бағанында мынадай күндердің бірі басталғанға дейін көрсетіледі:

Қайта өндеу өнімдерін әкету туралы міндеттеме бойынша:

Кеден одағына мұше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына қайта өндеу өнімдерін әкелген кезде - Қайта өндеу өнімдерін әкету туралы міндеттемені орындағаны туралы есепті тапсыру үшін белгіленген мерзімге дейін. Алыс-беріс шикізатының қайта өндеу өнімдерін Қазақстан Республикасының аумағында сатқан жағдайда - тауарларды әкелу және жанама салықтарды төленгені туралы өтінішті тапсыру үшін белгіленген мерзімге дейін көрсетіледі. Кеден одағына мұше басқа мемлекеттің аумағынан қайта өндеу үшін Қазақстан Республикасының аумағына бұрын әкелген алыс-беріс шикізатының қайта өндеу өнімдерін Кеден одағына мұше болып табылмайтын мемлекеттің аумағына одан әрі экспорттаған жағдайда - кедендік жүк декларациясының көшірмесін қоса бере отырып, Қайта өндеу өнімдерін әкету туралы міндеттемені орындағаны туралы есепті тапсыру үшін белгіленген мерзімге дейін табыс етіледі;

Қайта өндеу өнімдерін әкелу туралы міндеттеме бойынша:

алыс-беріс шикізатын Қазақстан Республикасының аумағынан Кеден одағына мұше басқа мемлекеттің аумағына әкеткен кезде - Қайта өндеу өнімдерін әкету туралы міндеттемені орындағаны туралы есепті тапсыру үшін белгіленген мерзімге дейін. Қазақстан Республикасының аумағынан Кеден одағына мұше басқа мемлекеттің аумағына қайта өндеу үшін бұрын әкетілген алыс-беріс шикізатын қайта өндеу өнімдерін Кеден одағына мұше мемлекеттің аумағында

сатқан жағдайда - тауарларды әкелу және жанама салықтарды төленгені туралы өтінішті тапсыру үшін белгіленген мерзімге дейін. Алыс-беріс шикізатының қайта өндеу өнімдерін Кеден одағына мүше болып табылмайтын мемлекеттің аумағына одан әрі экспорттаған жағдайда - Қайта өндеу өнімдерін әкелу туралы міндеттемені орындағаны туралы есепті тапсыру үшін белгіленген мерзімге дейін.

64. Салық төлеуші Қайта өндеу өнімдерін әкету жөніндегі міндеттемені орындау туралы есепті, Қайта өндеу өнімдерін әкелу жөніндегі міндеттемені орындау туралы есепті табыс етпеген жағдайда, салық төлеушінің жанама салықтар жөнінде салық міндеттемелерін орындауды бақылауды жүзеге асыратынлауазымды тұлға оны табыс еткен күннен бір жұмыс күні ішінде есепке алуды жүргізетін жауапты лауазымды тұлғаға есептеуге Тізілімді көрсетілген есептерді табыс ету үшін белгіленген күні төлеу мерзімімен жібереді, онда кемітілуге есептелген салықтардың сомасын көрсетеді. Салық төлеуші көрсетілген есептерді тауарларды әкету, қайта өндеу өнімдерін әкету (әкелу) мерзімі аяқталғанға дейін табыс еткен кезде салық төлеушінің жанама салықтар жөнінде салық міндеттемелерін орындауды бақылауды жүзеге асыратын лауазымды тұлға есептеуге Тізіліммен бір уақытта салықтарды, өсімпұлдарды төлеу бойынша күнін түзетумен, салық міндеттемелерін орындауларын өзгерту (тоқтата тұру) жөнінде Тізілімді жібереді:

қайта өндеу өнімдерін әкеткен кезде - қайта өндеу өнімдерін әкету туралы Міндеттемені орындау туралы есепті табыс ету үшін белгіленген күн;

қайта өндеу өнімдерін әкелген кезде - қайта өндеу өнімдерін әкелу туралы Міндеттемені орындау туралы есепті табыс ету үшін белгіленген күн.

Есепке алуды жүргізетін жауапты лауазымды тұлғаға есептеуге Тізілімді, салықтарды, өсімпұлдарды төлеу бойынша салық міндеттемелерін орындауларын өзгерту (тоқтата тұру) жөнінде Тізілімді алған күні қосылған күн салығы бойынша дербес шоттың "Кемітілді" бағанына, сондай-ақ "Төлеу (өтеу кестесі) бойынша салық міндеттемелерін орындауларын өзгерту (тоқтата тұру) жөнінде мәліметтер" бағанына салықтың есептелген сомаларын таратып жазуды жүргізеді.

65. Көрме-жәрменқелік сауданы ұйымдастыруши Көрме-жәрменқелік сауданы өткізгені туралы хабарлама бойынша есепті табыс еткен кезде және көрме-жәрменқелік саудасына қатысушымен келісімнің (шарттың) болмаған жағдайда - кеден одағына қатысушы мемлекеттердің салық төлеуші (төлеуші) жанама салықтар жөнінде салық міндеттемелерін орындауды бақылауды жүзеге асыратын лауазымды тұлға оны алған күннен үш жұмыс күні ішінде есепке алуды жүргізетін жауапты лауазымды тұлғаға осы есептің негізінде есептеуге Тізілімді жасайды.

Есептеуге Тізілім оны жасаған күні есепке алууды жүргізетін жауапты лауазымды тұлғаға жіберіледі.

Есепке алууды жүргізетін жауапты лауазымды тұлға есептеуге Тізілімді алған күні көрме-жәрмеңкелік саудада өткізілген тауарлар бойынша бюджеттік сыныптаманың тиісті коды бойынша көрме-жәрмеңкелік сауданы ұйымдастырушының дербес шотындағы "Есептелді" деген бағанда есептеуге салықтың есептелген сомаларын таратып жазуды жүргізеді.

Көрме-жәрмеңкелік сауданы ұйымдастырушы көрме-жәрмеңкелік сауданы өткізгені туралы хабарлама негізінде көрме-жәрмеңкелік сауданы өткізгені туралы хабарлама бойынша есепті табыс еткен кезде, салық төлеушінің жанама салықтар жөнінде салық міндеттемелерін орындауына бақылауды жүзеге асыратын лауазымды тұлға есептеуге Тізілімді жасап және оны есепке алууды жүргізетін жауапты лауазымды тұлғаға береді. Осы Тізілімнің негізінде бюджеттік сыныптаманың тиісті коды бойынша көрме-жәрмеңкелік сауданы ұйымдастырушының дербес шотындағы "Есептелді" деген бағанына жазба жүргізіледі.

66. Салық міндеттемелерінің шетелдік валютада орындалуын көздейтін жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттардың ережелеріне сәйкес салық төлеуші (салық агенті) шетелдік валютада салық есептілігін заңнамада белгіленген мерзімде, сондай-ақ мерзімінен бұрын табыс еткен жағдайларда және салық есептілігін уақтылы бермеген кезде, салық есептілігі деректерін ұлттық валютада дербес шотта көрсету үшін салық есептілігін берген күнге валюта айырбасының нарықтық бағамы қолданылады.

67. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттарының ережелерінде салық міндеттемелерін шетелдік валютада орындауы көзделген жер қойнауын пайдаланушылар салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеген кезде бюджетке төленген салық және басқа да міндетті төлемдер сомасы туралы жазба салық төлеушінің дербес шотында төлем құжаттары мен бюджетті орындау бойынша уәкілетті орган берген есептер бойынша ұлттық валютада жүргізіледі.

68. Салық есептілігін табыс еткен күнге және салық және басқа да міндетті төлемдерді төлеу күніне белгіленген валюта айырбасының нарықтық бағамының езгеруінен салық төлеушінің дербес шотында туындаған валюта бағамындағы айырма сомасы дербес шоттың "Қоса есептелді" немесе "Кемітілді" бағандары бойынша тиісті жазба жүргізу арқылы түзетіледі.

69. Есеп жүргізуге жауапты лауазымды тұлға дербес шотта тиісті жазбадан кейін күнді, есеп жүргізуге жауапты лауазымды тұлғаның тегің, атың, әкесінің атың (бар болған кезде) көрсетіп және қол қоя отырып, дербес шотта жүргізілген жазба туралы Есептеу тізілімінде белгі жүргізеді.

Ескерту. 69-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

70. Салық төлеуші (салық агенті) салық төлеушінің (салық агентінің) дербес шоттарында көрсетілуге жататын тиісті ұяшықтарда деректері жоқ салық есептілігін берген кезде Есептеу тізілімінде "Есептелді" бағанында нөл көрсетіледі, тиісінше дербес шоттың "Есептелді" және "Кемітілді" бағандарында да нөл көрсетіледі.

Ескерту. 70-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

8-бап. Жеке тұлғалардың дербес шоттарындағы есептелген салықтар сомасының есебі

71. Жеке тұлғалардан, оның ішінде резидент емес жеке тұлғалардан мүлік салығы мен жер салығының сомаларын есептеуді салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді есепке алады, тіркеуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органдар берген мәліметтердің негізінде мемлекеттік кірістер органдары жүргізеді.

Осы мәліметтердің негізінде міндеттемелердің орындалуына бақылау бойынша лауазымды тұлға әрбір жеке тұлға салық төлеуші, оның ішінде резидент емес жеке тұлға бойынша мүлік салығы мен жер салығын есептеуді жүргізеді және салық төлеушіге кейіннен беру үшін мемлекеттік кірістер органы есептеген салықтар сомасы туралы хабарлама негізінде көрсетілген соманы дербес шотта көрсету үшін Есептеу тізілімі толтырылады.

Ескерту. 71-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

72. Есептеу тізілімі көлік құралдарына салық сомаларын дербес шотта көрсету үшін салық төлеушілердің төлем құжаттарының негізінде толтырылады.

Ескерту. 72-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

73. Жергілікті атқарушы органдар салықтарды жинауды жүзеге асырған жағдайда, мемлекеттік кіріс органдары ай сайын келесі айдың 5-і күнінен кешіктірмей олардың негізінде уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген нысан бойынша қатаң есептілік құжаты болып табылатын түбіртек бойынша осы салықтарды жинауды жүзеге асыра алатын осы Ережеге 24-қосымшаға сәйкес салық төлеуші жеке тұлғалар төлейтін мүлік салығы және жер салығы жөніндегі Мәліметтерді жергілікті атқарушы органдарға береді.

74. Көрсетілген мәліметтерде мынадай ақпараттар болуы қажет:

- 1) салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты;

- 2) ЖСН;
- 3) тұрғылықты мекен-жайы;
- 4) өткен жылдар үшін бересі сомасы;
- 5) ағымдағы жылға төленетін:
мұлік салығының;
жер салығының сомасы;
- 6) қоса есептелген өсімақылар сомасы;
- 7) салынған айыппұлдар сомасы;
- 8) женілдіктер беру туралы мәлімет.

9-бап. Салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту кезіндегі есеп

75. Осы тарауда белгіленген тәртіп өндірістік қайта өндеуге арналған тауарларды импорттауға, сондай-ақ импортталатын су, газ, электр энергиясына қосылған құн салығын төлеу мерзімі өзгертілген кезде есепке алуға таралмайды.

76. Республикалық бюджетке түсетін, сондай-ақ республикалық және жергілікті бюджеттер арасында бөлінетін салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемелерін орындау мерзімін өзгерту үшін салық төлеуші уәкілетті органға, жергілікті бюджетке толық көлемде түсетін салықтар бойынша - салық төлеушінің тіркеу есебінің орны бойынша мемлекеттік кіріс органына негізделген өтініш береді.

Салық төлеушінің өтінішін қарағаннан және салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту туралы шешім шығаруға уәкілетті орган шешім шығарғаннан кейін міндеттемелердің орындалуын бақылау бойынша лауазымды тұлға:

- 1) осы Ережеге 25-қосымшаға сәйкес Салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімдерінің өзгергенін тіркеу журналы;
- 2) салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімдерінің өзгеруі бойынша тізілім жүргізеді.

Салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту бойынша тізілімді дербес шотта көрсетілген салықтар сомасын көрсету үшін салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімдерінің өзгеруі туралы шешім қабылданған күні есеп жүргізуге жауапты лауазымды тұлғаға міндеттемелердің орындалуын бақылау бойынша лауазымды тұлға береді

77. Дербес шотта мынадай жазбалар жүргізіледі:

"Төлеу мерзімі" бағанында бекітілген салық төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау кестесіне сәйкес салықты төлеу күні көрсетіледі;

"Салық (төлем) сомасы" бағанында салық төлеу мерзімі өзгертілген салықтың жалпы сомасы көрсетіледі;

"Өтеу кестесі" бағанында Салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту бойынша тізілімде көрсетілген салықты төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау кестесіне сәйкес төлеу мерзімі өзгертілген салық сомасы көрсетіледі.

"Өтеу кестесі" бағанындағы төлеу мерзімі өзгертілген салық сомасының жиынтығы "Салық (төлем) сомасы" бағанындағы салықтың жалпы сомасына тең болуы тиіс.

78. "Салықтар сомасының және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер, міндettі зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар, міндettі медициналық сақтандыру аударымдар мен жарналар тұсімдері туралы" 1Н-нысанның есебінде осы Ережелерге 41-қосымшаға сәйкес салықты төлеу бойынша салық міндеттемесін орындаудың өзгертілген мерзімімен салықтың сомасы бересі сомасында көрсетілмейді.

Ескерту. 78-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

79. Төлеу мерзімі өзгертілген салықтың сомасы бюджетке тұсken кезде дербес шоттың "Салық сомасы" деген бағанында дербес шоттың "Төленді" деген бағанында көрсетілетін сома көрсетіледі, бірақ "алу" белгісімен көрсетіледі.

Төлеу мерзімдері өзгертілген салықтар сомасының өтелуіне қарай дербес шоттың "Салық (төлем) сомасы" бағаны бюджетке тұsken бюджеттердің сомасына азайтылатын болады.

Салық төлеуші төлеу мерзімі өзгертілген салық сомасын толық өтеген жағдайда дербес шоттың "Салық (төлем) сомасы" бағанының жиынтығы нөлге тең болады.

80. Салықты төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту салық төлеушіні бюджетке салық сомаларын уақтылы төлемегені үшін өсімақы төлеуден босатпайды. Төлеудің өзгертілген мерзімдері бойынша салық сомасына өсімақы есептеу осы Ереженің 3-бөлімінде көрсетілген тәртіpte жүргізіледі.

81. Салық төлеуші шешімде белгіленген мерзім өткенге дейін салықтардың барлық сомасын төлеген немесе салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту шарттарын бұзған жағдайда, салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту туралы шешімнің күші мерзімінен бұрын тоқтатылады.

82. Салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту шарттарын салық төлеуші бұзған жағдайда, бересінің көрсетілген сомасы "Салықтар сомасының және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдердің,

міндетті зейнетақы жарналарының, әлеуметтік аударымдардың, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдардың және (немесе) жарналардың түсімдері туралы" 1Н-нысандагы есепте көрсетіледі.

Дербес шотта "Салық (төлем) сомасы" бағанында төлеу мерзімі өзгертулген салықтың барлық сомасы жүргізіледі, бірақ "алу" белгісімен, соның нәтижесінде "Салық сомасы" бағанының жиынтығы төлеу мерзімі өзгертулген салықтың барлық сомасы өтелгеннен кейін не салық төлеуші салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту шарттарын бұзғанда нөлге тең болуы тиіс.

Уәкілдегі орган өтінішті қарағаннан және шешім қабылдағаннан кейін өтініш Салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемесін орындаудың өзгерген мерзімдерін тіркеу журналына тіркеуге жатады. Уәкілдегі органның шешімі негізінде міндеттемелердің орындалуына бақылау бойынша лауазымды тұлға Салықтарды төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту жөніндегі тізілімді толтырады және есеп жүргізуге жауапты лауазымды тұлғаға береді.

Ескерту. 82-тармақ жаңа редакцияда - КР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (кунтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

83. Өтеу үшін сот шешімі бойынша жарияланған акцияларды мәжбүрлеп шығару жүргізілген акционерлік қоғамдардың салық берешегі сомаларын төлеу бойынша салық міндеттемесінің орындалу мерзімдерін тоқтата тұруды есепке алу үшін міндеттемелердің орындалуына бақылау бойынша лауазымды тұлға:

1) осы Ережеге 26-қосымшаға сәйкес Акционерлік қоғамдардың салық берешегінің сомаларын төлеу бойынша салық міндеттемесін орындау мерзімдерін тоқтата тұруды тіркеу журналы;

2) осы Ережеге 27-қосымшаға сәйкес Өтеу үшін сот шешімі бойынша жарияланған акцияларды мәжбүрлеп шығару жүргізілген акционерлік қоғам салық берешегінің сомаларын төлеу бойынша салық міндеттемелерін орындау мерзімдерін тоқтата тұру жөніндегі тізілім жүргізеді.

Өтеу үшін сот шешімі бойынша жарияланған акцияларды мәжбүрлеп шығару жүргізілген акционерлік қоғам салық берешегінің сомаларын төлеу бойынша салық міндеттемелерін орындау мерзімдерін тоқтата тұру жөніндегі тізілімді міндеттемелердің орындалуына бақылау бойынша лауазымды тұлға акционерлік қоғамдардың салық берешегі сомаларын төлеу бойынша салық міндеттемесінің орындалу мерзімдерін тоқтата тұру туралы сот шешімі алынған күні есеп жүргізуге жауапты лауазымды тұлғаға береді.

Акционерлік қоғамның дербес шотында мынадай жазбалар жүргізіледі:

1) "Операциялардың мазмұны" бағанында:

жарияланған акцияларды мәжбүрлеп шығару туралы сот шешімі бойынша төлеу мерзімін тоқтата тұру;

жарияланған акцияларды мәжбүрлеп шығару туралы сот шешімінің күшіне енген күні;

жарияланған акцияларды орналастырудың (сатудың) аяқталу күні көрсетіледі ;

2) "Төлеу мерзімі" бағанында сотқа талап-арыз берілген күн және жарияланған акцияларды орналастырудың (сатудың) аяқталу мерзімі көрсетіледі;

3) "Салық берешегінің сомасы" бағанында өтеу үшін сот шешімі бойынша жарияланған акцияларды мәжбүрлеп шығару жүргізілген акционерлік қоғам салық берешегінің сомасы көрсетіледі.

Жарияланған акцияларды мәжбүрлеп шығару туралы сот шешімінің күшіне ену күнінен бастап оларды орналастырудың (сатудың) аяқталу күніне дейін дербес шотта өсімақы есептелмейді.

10-бап. Салық тексерулерінің актілері бойынша салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер есебі

84. Салық кодексінде белгіленген мерзімдерде салық тексерулерінің және салық төлеушінің (салық агентінің) шағымдарын қарау нәтижелері бойынша салық төлеушіге (салық агентіне):

- 1) тексеруінің нәтижелері туралы;
- 2) тарату салық есептілігін табыс еткен күннен бастап тарату салық тексеруі аяқталған күнге дейінгі кезең ішінде салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, міндетті зейнетақы жарналарының, әлеуметтік аударымдардың, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдардың және (немесе) жарналардың есептелген сомалары туралы;
- 3) салық төлеушінің (салық агентінің) тексеруінің нәтижелері туралы хабарламаға шағымын қарау қорытындылары туралы хабарламалар жіберіледі.

Ескерту. 84-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (кунтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

85. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, міндетті зейнетақы жарналарының, әлеуметтік аударымдардың, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдардың және (немесе) жарналардың, өсімпұлдардың және айыппұлдардың сомаларын есептеуге (кемітүге) тізілімде (осы тараудың мақсатында бұдан бұдан әрі - Тізілім) көрсетіледі және салық төлеушіге хабарлама тапсырған күнге Тізілім деректерінен салық төлеушінің (салық агентінің) дербес шотында көрсетіледі.

Ескерту. 85-тармақ жаңа редакцияда - КР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

86. Тізілім ақпараттық жүйеде қалыптастырылады, хабарлама негізінде жасалады және оны салық тексеруін жүргізетін лауазымды тұлға есеп жүргізуге жауапты лауазымды тұлғаға береді.

87. Тізілімде:

- 1) салық төлеушінің (салық агентінің) атауы;
- 2) БСН/ЖСН;
- 3) салықтың (төлемнің) атауы;
- 4) бюджет кірісі жіктемесінің коды;
- 5) хабарлама нөмірі және күні;
- 6) салық тексеруі аяқталған күн (салық тексеруінің актісі серверде өндөлген күн);
- 7) салықтың (төлемнің), есімпұлдардың сомасы
- 8) салық тексеруі нәтижелері бойынша есептелген сомаларды төлеу мерзімін ұзарту туралы деректер;
- 9) "Хабарлама бойынша есептеуге (кемітүге)" бағанында - осы Ережелердің 84-тармағында көрсетілген хабарламалардың негізінде есептеуге немесе кемітүге салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдердің, есімпұлдардың, міндettі зейнетақы жарналарының, әлеуметтік аударымдардың, міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдардың және (немесе) жарналардың сомасы;
- 10) "Әкімшілік жаза қолдану туралы қаулы бойынша есептеуге" бағанында - қаулылар негізінде айыппұлдар сомасы көрсетіледі.

Ескерту. 87-тармақ жаңа редакцияда - КР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

88. Тізілім негізінде дербес шоттың "Есептелді" немесе "Кемітілді" бағандарында тиісінше:

- салық (төлем) сомасы;
өсімақылар сомасы;
айыппұлдар сомасы көрсетіледі.

Бұл ретте есеп жүргізуге жауапты лауазымды тұлға дербес шоттарға таратылған сомалардың толықтығын және дұрыстығын тексереді.

89. Осы Ереженің 84-тармағы 1) - 3) тармақшаларда көрсетілген хабарлама табыс етілген сәттен бастап отыз жұмыс күні ішінде салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдердің және өсімақылардың қоса есептелген сомаларына мерзімінде орындалмаған салық міндettемесінің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдері мен салық берешегін мәжбүри өндіріп алу шаралары қолданылмайды.

90. Осы Ережелердің 84-тармағы 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген хабарлама табыс етілген сәттен бастап шығарылған сәттен бастап отыз жұмыс күні өткен соң салық төлеушінің шағымы болмаған жағдайда мерзімінде орындалмаған салық міндеттемесінің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдері мен салық берешегін мәжбүрлеп өндіріп алу шаралары қолданылады. Бұл ретте өсімпұл салық тексеруі аяқталған күннен бастап есептеледі.

Ескерту. 90-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

91. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдердің қоса есептелген сомалары бойынша өсімақы салық тексеруі аяқталған күннен бастап қоса есептелген сома төленген күнге дейін есептеледі.

92. Салық кодексінің 638-бабы 6-тармағына сәйкес салық тексерулерінің нәтижелері бойынша салық міндеттемесін, сондай-ақ өсімақыларды төлеу бойынша міндеттемелерді орындау мерзімдері салық төлеушінің өтініші бойынша алпыс жұмыс күніне ұзартылуы мүмкін.

Бұл ретте салықтардың және басқа міндettі төлемдердің аталған сомасы бюджетке төлеу мерзімінің ұзартылған әрбір күні үшін айыпақы есептеумен төленуге жатады және осы кезеңнің әрбір он бес жұмыс күні сайын төң үлестермен төленеді.

93. Салық тексеруінің нәтижелері бойынша есептелген сомалар төлеу мерзімін ұзарту кезінде салық төлеушінің дербес шотында "Салық міндеттемесін орындау мерзімін өзгерту бойынша мәліметтер" бағанында көрсетіледі.

94. Салық төлеуші осы Ережелердің 84-тармағы 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген хабарламаға шағым берген жағдайда Салық кодексінің 667-бабы 1-тармағына сәйкес белгіленген мерзім ішінде осы шағым бойынша шешім шыққанға дейін салық төлеуші шағым жасаған хабарлама бойынша есептелген сома салық төлеушінің дербес шотында "Салық міндеттемесін орындау мерзімін өзгерту бойынша мәліметтер" бағанында көрсетіледі. Бұл сомаларға мерзімінде орындалмаған салық міндеттемесінің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдері мен салық берешегін мәжбүрлеп өндіріп алу шаралары қолданылмайды.

Ескерту. 94-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

95. Салық төлеуші осы Ережелердің 84-тармағы 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген хабарламаға шешіміне салықтардың, бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдердің және өсімпұлдардың барлық сомасына шағым жасамаған жағдайда салық төлеуші даулаған хабарлама бойынша соманың бөлігі салық төлеушінің дербес шотында "Салық міндеттемесін орындау мерзімін өзгерту бойынша мәліметтер" бағанында көрсетіледі. Хабарлама бойынша қоса

есептелген салықтардың, бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер және өсімпұлдар сомаларының даулы болып отырған бөлігіне осы шағым бойынша шешім шыққанға дейін мерзімінде орындалмаған салық міндettемесінің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдері мен салық берешегін мәжбүрлеп өндіріп алу шаралары қолданылмайды.

Ескерту. 95-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

96. Салық төлеуші (салық агенті) шағымданбаған салықтардың, бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдердің және өсімақылардың қоса есептелген сомаларының бөлігін төлеу салық төлеушіге хабарлама ұсынған күннен кейінгі күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

97. Шағымды қарау нәтижелері бойынша шағымдалған хабарламаның толық немесе бір бөлігінде күшін жою туралы шешім шығарылған жағдайда, ол бойынша осындаш шешім шығарылған хабарлама бойынша қоса есептелген сомалар дербес шоттарда тиісінше толық немесе бөлігінде іріктеледі. Бұл ретте салық тексеруін жүзеге асыратын лауазымды тұлға есеп жүргізуге жауапты лауазымды тұлғаға бақылау мемлекеттік кіріс органдың немесе сottың шығарған шешімінде көрсетілген "азайтуға" салықтардың, бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдердің және өсімақылардың сомалары көрсетілген Тізілім береді. Дербес шотта салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдердің осы сомасына хабарлама бойынша есептелген өсімақы сомалары іріктеледі.

98. Шағымды қарау нәтижелері бойынша уәкілетті органының немесе сот салық төлеушінің (салық агентінің) шағымын қанағаттандырусыз қалдыrsa, осы сомалар уақтылы төленбеген кезде салық берешегін мәжбүрлеп өндіріп алу шараларын қолдана отырып, өндіріп алуға жатады. Дербес шотта салық тексеруі аяқталған күннен кейінгі күннен бастап салық берешегін орындауды кейінге қалдырудың әр күні үшін өсімпұл есептеледі.

Ескерту. 98-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

99. Уәкілетті органға немесе сотта шағымдалған салықтардың сомасы салық төлеушінің дербес шотында және тиісінше салыстыру актісінде көрсетіледі. Берешектің жок екендігі туралы анықтамада және Берешектің жок (бар) екендігі туралы анықтамада бұл сомалар "шағым беру және шағымдалғандар сатысында тұрған салық тексерулерінің нәтижелері бойынша есептелген сомалар" деген белгімен көрсетіледі.

Ескерту. 99-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

100. "Салықтар сомасының және бюджетке төленетін басқа да міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдардың және (немесе) жарналардың түсімдері туралы" 1Н-нысанның есебінде салық төлеуші шағым жасаған хабарлама бойынша есептелген салықтардың, салықтардың, басқа да міндettі төлемдердің сомалары көрсетілмейді.

Ескерту. 100-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (кунтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

101. Әкімшілік айыппұл сомасы салық төлеушіге (салық агентіне) әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулының көшірмесі табыс етілген күні Тізілімде көрсетіледі және сәйкесінше салық төлеушінің (салық агентінің) дербес шотында көрсетіледі.

102. Салық төлеуші (салық агенті) келіскең және белгіленген мерзімде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыны жоғары тұрған органға (жоғары тұрған лауазымды тұлғаға) немесе сотқа шағым жасамаған жағдайда әкімшілік айыппұл салынған сомаға Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы заңнамаға және салық заңнамасына сәйкес мәжбүри өндіріп алу шаралары қолданылады. Бұл ретте мәжбүри өндіріп алу шаралары қаулы заңды күшіне енгеннен кейін және ерікті орындау үшін берілген қаулының мерзімі өткеннен кейін қолданылады.

103. Салық төлеуші әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға шағымды жоғары тұрған органға (жоғары тұрған лауазымды тұлғаға) немесе сотқа белгіленген мерзімдерде берген жағдайда, қаулы бойынша салынған әкімшілік айыппұл сомасын өндіріп алу жоғары тұрған орган (жоғары тұрған лауазымды тұлға) немесе сот шешім шығарғанға дейін тоқтатыла тұрады.

104. Жоғары тұрған органында немесе сотта шағымдалған әкімшілік айыппұл сомасы салық төлеушінің дербес шотында және тиісінше салыстыру актісінде көрсетіледі. Берешектің жок (бар) екендігі туралы анықтамада бұл сомалар "шағым беру және шағымдалғандар сатысында тұрған салық тексерулерінің нәтижелері бойынша есептелген сомалар" жолында көрсетіледі.

105. Шағымды қарау қорытындысы бойынша жоғары тұрған мемлекеттік кіріс органды (жоғары тұрған лауазымды тұлға) не сот қаулыны өзгеріссіз, ал шағым (қарсылық) қанағаттандырмай қалдыру туралы шешім шығарған жағдайда бұл сомалар Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы заңнамасы мен салық заңнамасына сәйкес мәжбүри өндіріп алу шараларын қолдана отырып, өндіріп алуға жатады.

106. Шағымды қарау қорытындысы бойынша жоғары тұрған мемлекеттік кіріс органды (жоғары тұрған лауазымды тұлға) не сот әкімшілік құқық

бұзушылық туралы іс жөніндегі қаулының қүшін жою туралы шешім шығарған жағдайда салық төлеушінің (салық агентінің) дербес шотында көрсетілген сомалар азайтуға жатады.

107. Шағымды қарау қорытындысы бойынша жоғары тұрған мемлекеттік кіріс органы (жоғары тұрған лауазымды тұлға) не сот қаулыны өзгерту және жаңа қаулы шығару туралы жаңа шешім шығарған жағдайда, салық тексеруінің нәтижелеріне жауапты лауазымды тұлға есеп жүргізуге жауапты лауазымды тұлғаға бақылау үшін жоғары тұрған мемлекеттік кіріс органының (жоғары тұрған лауазымды тұлғаның) не соттың қабылдаған шешімінде көрсетілген әкімшілік айыппұл сомасына сәйкес Тізілім береді.

11-бап. Салық есептілігіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезіндегі есеп

108. Салық төлеуші (салық агенті) қосымша салық есептілігін бір кезеңге берген жағдайда талап қою мерзімі ішінде салық есептілігі табыс етілген күні дербес шоттың "Есептелді" немесе "Кемітілді" деген бағанында анықталған айырма сомасы көрсетіледі.

109. Салық тексеруі басталғанға дейін салық төлеуші (салық агенті) анықтаған салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер сомаларының төлеу мерзімі осы өзгерістер мен толықтырулардың деректері жататын салық кезеңі үшін төлеу мерзімі болып табылады.

12-бап. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер түсімдерінің есебі

110. Дербес шоттарда салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түскен сомасының есебі бюджетті орындау бойынша уәкілдегі орган берген төлем құжаттары негізінде жүргізіледі:

- 1) салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер түсімі туралы, соның ішінде республикалық және жергілікті бюджеттерге түсімдер бойынша құжаттар;
- 2) салық төлеушілердің (салық агенттерінің) төлем тапсырмалары;
- 3) артық немесе қате есептелген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді, өсімақылар мен айыппұлдарды есепке жатқызуға және қайтаруға мемлекеттік кіріс органдарының төлем тапсырмалары;
- 4) қосылған құн салығының жүргізілген есепке жатқызулар, қайтарулар бойынша мемлекеттік кіріс органдарының төлем тапсырмалары;
- 5) салық берешегін өндіріп алу туралы инкассалық өкімдер.

111. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдердің түсken сомалары салық төлеушінің БСН/ЖСН) белгісі бойынша бюджет кіrіcі жіктемесінің кодтары бойынша дербес шоттарда:

- 1) жазба жүргізу күндері;
- 2) төлем құжатының номірі және күні;
- 3) салық төлеушінің (салық агентінің, төлемдерді банкомат және өзге де электронды құрылғылар арқылы енгізу күні және жүзеге асыру күні) банктік шотынан салық және басқа да міндettі төлемдерді есептен шығарған күн;
- 4) салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдерді есептеу күні;
- 5) салық (төлем), есімақы, айыппұл сомалары;
- 6) есепке жатқызу кезінде - есепке жатқызу жүзеге асырылатын бюджет кіrістері жіктемесінің коды көрсетіле отырып, автоматты түрде көрсетіледі.

112. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдердің түсken сомалары туралы дербес шоттарда жазба бюджетті орындау бойынша уәкілетті органнан төлем құжаттарын алған күні жүргізіледі.

113. Салық төлеуші үшін дербес шотта көрсетілген салық міндettемесін орындау күні деп:

- 1) қолма-қол ақшасыз төлемді жүзеге асыру кезінде банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын үйымдардың салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдерді төлеуге төлем тапсырмасы акцептін жүзеге асыру күні;
- 2) бюджетке қолма-қол ақшамен төлеген жағдайда - банктерге немесе банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын үйымдарға, уәкілетті органдарға салық төлеуші (салық агенті) ақша енгізген күн;
- 3) төлемдерді банкомат және өзге де электронды құрылғылар арқылы жүзеге асыру күні;
- 4) есепке жатқызуды жүргізу күні есептеледі.

Бұдан басқа, салық төлеушінің (салық агентінің) дербес шотында барлық жоғарыда көрсетілген салық міндettемесін орындау жағдайларында бюджетті орындау бойынша уәкілетті органның күнделікті есептерімен расталатын бюджетке төленетін төлемдерді есептеу күні қосымша көрсетіледі.

114. Қазақстан Республикасының заң актілеріне және жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттар ережелеріне сәйкес салық және бюджетке төленетін төлемдерді төлеу шетелдік валютада жүргізілген жағдайда, дербес шотта шетелдік валютаны ұлттық валютаға хатталғаннан кейін бюджетті орындау бойынша уәкілетті органның есептерімен расталатын ұлттық валютада бюджетке түсken сома көрсетіледі.

115. Есеп жүргізуге жауапты лауазымды тұлға бюджетті орындау бойынша уәкілетті органның төлем құжаттарын алған кезде:

1) төлем құжаттарындағы сомалардың бюджетті орындау бойынша уәкілетті органның құжаттарында көрсетілген сомалармен сәйкестігін;

2) бюджет кірісі жіктемесінің тиісті кодына салық және басқа да міндепті төлемдерді есептеу және салықтардың (төлемдердің), өсімақылардың және айыппұлдардың төленген сомаларын бөлудің дұрыстығын тексеруі қажет.

116. Алшақтықтар мен қателіктер фактісі анықталған жағдайда салыстырып тексеру аяқталғаннан кейін есеп жүргізуге жауапты лауазымды тұлға Ереженің осы тармағында белгіленген тәртіpte қате төленген салықтың, бюджетке төленетін басқа да міндепті төлемнің сомаларының туындау себептері туралы хаттама (бұдан әрі - қателер бойынша хаттама) жасайды.

Қателер бойынша хаттамада төлем құжатының күні мен нөмірі, сома, сома есепке жатқызылған бюджет жіктемесінің коды, қателердің себебі, көрсетілген сома жатқызылуы тиіс болған бюджет жіктемесінің коды көрсетіле отырып, негізде құжат немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сілтеме көрсетіледі.

Қателер бойынша хаттаманы есеп жүргізуді жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшениң басшысы бекітеді.

Қате төленген салықтың, бюджетке төленетін басқа да міндепті төлемнің, айыппұлдардың, өсімақылардың сомаларын есепке жатқызу, қайтару қателер бойынша хаттама негізінде қате төлеу фактісі табылған күннен бастап отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей жүргізіледі.

13-бап. Тұрақты мекемені құруға алып келмейтін Қазақстан Республикасындағы қызметтен түсетін резидент еместің кірісінен табыс салығын төлеу тәртібі

117. Қосарлама салық салуды болдырмау туралы халықаралық шарт ережелеріне сәйкес тұрақты мекемені құруға алып келмейтін Қазақстан Республикасындағы қызметтен резидент еместің кірісінен табыс салығын төлеу егер Салық Кодексінде өзгеше көзделмесе, шартты банк салымына жүргізілуі мүмкін.

118. Табыс салығын төлеудің көрсетілген әдісін таңдау кезінде кірісті алушы резидент емес, салық агенті және салық агенті айқындаған резидент банк Салық кодексінің 216-бабының 2-тармағына сәйкес шартты банк салымы туралы шарт жасасады.

119. Табыс салығын төлем көзінен төлеу күні шартты банк салымы туралы шарт және Салық кодексінің 216-бабының ережелерін қолдану болмаған

жағдайларда салық агенті Салық кодексінің 216-бабының 1-тармағына сәйкес төлем көзінен табыс салығын мемлекеттік бюджетке жалпыға бірдей тәртіппен аударады.

120. Салық агенті Салық кодексінің 216-бабы 5-тармағының 1) тармақшасына сәйкес шартты банк салымы туралы шартқа қол қою күнінен бастап он күнтізбелік күн ішінде резидент емеске орналасқан орны бойынша мемлекеттік кіріс органына көрсетілген шартты береді.

121. Салық кодексінің 216-бабының 7-тармағына сәйкес резидент емес пен салық агентінің шартты банк салымына орналастырылған табыс салығының сомасына мемлекеттік кіріс органы қандай да бір шешім шығарғанға дейін билік етуге құқығы жоқ.

Міндеттемелердің орындалуын бақылау бойынша лауазымды тұлға шартты банк салымын ашу туралы шартты берген сэттен бастап екі күнтізбелік күн ішінде осы Ережеге 28-қосымшаға сәйкес Шартты банк салымы туралы шарттарды тіркеу журналына көрсетілген шартты тіркейді.

Шартты банк салымы туралы шартты тіркеу кезінде Міндеттемелердің орындалуын бақылау бойынша лауазымды тұлға шартты банк салымы туралы шарт ережесі Қазақстан Республикасының салық заңнамаларының ережелеріне қайшы келмей ме, соны тексереді.

122. Шартты банк салымы орналастырылған банктер Салық кодексінің 216-бабының 4-тармағына сәйкес есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың 15 күнінен кешіктірмей салық агентінің орналасқан орны бойынша мемлекеттік кіріс органына есепті тоқсан ішінде ақша қозғалысы болған кезде есепті тоқсан ішіндегі ақша қозғалысы туралы есеп береді.

123. Көрсетілген есептің деректері негізінде есеп жүргізуге жауапты лауазымды тұлға шартты банк салымдарына орналастырылған/резидент еместерге төленген/бюджетке аударылған резидент еместерден алынатын табыс салығының сомасын есепке алу ведомосін жүргізеді.

124. Резидент еместің кірісінен төлем көзінен ұсталған және бюджетке аударылған және (немесе) шартты банк салымына аударылған табыс салығының сомасын есепке алу үшін есеп жүргізуге жауапты лауазымды тұлға осы Ережеге 3-қосымшаға сәйкес № 3 нысан бойынша салық агентіне дербес шот ашады.

125. Төлем көзінен есептелген және ұсталған табыс салығының сомасы салық агентінің дербес шотындағы жазба есептеуге (азайтуға) салықтар және бюджетке басқа да міндетті төлемдер сомасы, міндетті зейнетақы журнالары, әлеуметтік аударымдар және өсімақылар тізілімінің негізінде "Есептелді" бағанында жүргізіледі.

126. Төлем көзінен бюджетке аударылған табыс салығының сомалары бойынша салық агентінің дербес шотына жазба Шартты банк салымдарына

орналастырылған/резидент еместерге төленген/бюджетке аударылған резидент еместерден алынатын табыс салығының сомасын есепке алу ведомосі негізінде "Төленді" бағанында жүргізіледі.

127. Дербес шоттың "Төлеу мерзімі" бағанында Салық Кодексінде белгіленген төлем көзінен табыс салығын төлеу мерзімі көрсетіледі.

128. Дербес шоттың "Шартты банк салымына есептеу күні" бағанында банк есебіне сәйкес резидент еместің пайдасына шартты банк салымына ұсталған салық сомасын салық агентінің есептеу күні көрсетіледі.

129. Дербес шоттың "Шартты банк салымына есептелді" бағанында банк есебінің негізінде шартты банк салымында орналастырылған резидент еместің кірісінен табыс салығының сомасы көрсетіледі.

130. Табыс салығын шартты банк салымына шетел валютасында орналастырылған жағдайда салық агентінің дербес шотында Шартты банк салымдарына орналастырылған/резидент еместерге төленген/бюджетке аударылған резидент еместерден алынатын табыс салығының сомасын есепке алу ведомосі негізінде салықты шартты банк салымына орналастырған (аударған) күнге валюта айырбасының нарықтық бағамы бойынша қайта есептелген ұлттық валютадағы салық сомасы көрсетіледі.

131. Егер салық агентінің дербес шотында резидент еместің пайдасына шартты банк салымына аудару және табыс салығын есептеу сомасы көрсетілген жағдайда, көрсетілген сома өсімпұл ретінде қаралмайды және "Салықтардың, бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдердің, міндettі зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдардың сомаларының тұсуі және бересің туралы" 1-Н нысанының есебінде, салық берешегі, міндettі зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегі жоқ және (немесе) бар екендігі туралы мәліметтерде көрсетілмейді, сондай-ақ шартты банк салымына есептеу күнінен бастап көрсетілген сомаға өсім есептелмейді.

132. Бұрын ұсталған табыс салығын қайтару үшін және бюджетке немесе шартты банк салымына резидент еместің кірістерінен табыс салығы аударылған жағдайда резидент емес Салық кодексінің 217-бабының 1-тармағына сәйкес мемлекеттік кіріс органына халықаралық шарт негізінде бюджеттен немесе шартты банк салымынан төленген табыс салығын қайтаруға салықтық өтініш береді (осы тараудың мақсатында бұдан әрі - өтініш).

133. Өтінішті қарағаннан кейін мемлекеттік кіріс органы өтініш бойынша тиісті шешім қабылдайды және есеп жүргізуге жауапты лауазымды тұлғаға резидент еместің өтінішінің көшірмесін қоса осы Ережеге 29-қосымшага сәйкес Инкассалық өкім бойынша өндіріп алуға немесе резидент емеске төлеуге жататын шартты банк салымында орналасқан табыс салығы сомасының тізілімін жібереді.

134. Бюджеттен табыс салығының сомаларын қайтару осы Ереженің 16-тарауында белгіленген тәртіpte төлем тапсырмасының, ал шетел валютасында қайтару кезінде - сондай-ақ бюджетті орындау бойынша уәкілетті органның аумақтық органына ұсынылатын шетел валютасын сатып алуға және аударуға етініштің негізінде резидент еместің өтінішінде көрсетілген резидент еместің банктік шотына жүргізіледі.

135. Мемлекеттік кіріс органы шартты банк салымында орналастырылған табыс салығының сомасын бюджетке өндіріп алу туралы шешім қабылдаған кезде тізілімді алғаннан кейінгі келесі қуннен кешіктірмей міндеттемелердің орындалуына бақылау бойынша лауазымды тұлға Салық кодексінің 218-бабы 1-тармағына сәйкес банкке өтініште көрсетілген және шартты банк салымына орналастырылған табыс салығының сомасын бюджетке аудару туралы инкассалық өкімді жібереді.

136. Шетел валютасында шартты банк салымын ашу жағдайында шартты банк салымында орналастырылған табыс салығының сомасын өндіріп алуға инкассалық өкім инкассалық өкімді қою қуніне валюта айырбасының нарықтық бағамы бойынша ұлттық валютада қойылады. Бұл ретте, төлемді тағайындауда инкассалық өкімде шетел валютасындағы табыс салығының сомасы және ұлттық валютада сома есеп айырысуы жүргізілген валюта айырбасының нарықтық бағамы көрсетіледі.

137. Бұл ретте аударылатын табыс салығының төлем сомасын тағайындауды көрсете отырып бюджетке салықты төлеу (аудару) сәтіне валюта айырбасының нарықтық бағамы бойынша қайта есептелген ұлттық валютадағы табыс салығының сомасы бюджетке аударылады.

138. Инкассалық өкіммен бір уақытта міндеттемелердің орындалуына бақылау бойынша лауазымды тұлға банкке осы Ережеге 30-қосымшаға сәйкес бюджетке оны аударғанға дейін шартты банк салымында резидент еместің кірісінен табыс салығын орналастыру сәтінен бастап есептелген банктік сыйақылар сомалары туралы сұрау салуды жібереді.

139. Банктік сыйақылар шетелдік валютада есептелген жағдайда банктік сыйақылар оларды аудару қуніне валюта айырбасының нарықтық бағамы бойынша есептелген ұлттық валютада бюджетке аударуға жатады.

140. Банк мемлекеттік кіріс органының инкассалық өкімін алған қуннен кейінгі 218-бабы 6-тармағына сәйкес бюджетке шартты банк салымында орналастырылған табыс салығының сомасын аударады және сұрау салуды алған қуннен бастап екі күнтізбелік күн ішінде мемлекеттік кіріс органына уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша Бюджетке аударғанға дейін шартты банк салымына резидент еместердің кірістерінен табыс салығын орналастыру сәтінен бастап есептелген банктік сыйақылар сомалары туралы мәліметті жібереді.

141. Есептелген банктік сыйақылар сомалары туралы мәліметті банктен алғаннан кейін екі құнтізбелік күн ішінде міндеттемелердің орындалуына бақылау бойынша лауазымды тұлға Салық кодексінің 218-бабы 5-тармағына сәйкес банкке бюджетке банктік сыйақы сомаларын өндіріп алуға инкассалық өкімді жібереді.

142. Салық кодексінің 218-бабының 6-тармағына сәйкес банк мемлекеттік кіріс органынан инкассалық өкімді алған күннен кейінгі бір операциялық күннен кешіктірмей бюджетке банктік сыйақылар сомасын аударады.

143. Бюджетті орындау бойынша уәкілетті органнан төлем құжаттарын алғаннан кейін есеп жүргізуге жауапты лауазымды тұлға келесі жұмыс күнінен кешіктірмей салық агентінің дербес шотына аударылған табыс салығының сомасы бойынша "Төленді" бағанына және банктік сыйақылар сомасын "Өсімақы төленді (қайтарылды)" бағанына есепке алу жазбасын жүргізеді. Сонымен бір уақытта "Өсімақы есептелді (азайтылды)" бағанында банк мемлекеттік кіріс органына жіберген Бюджетке аударғанға дейін шартты банк салымына резидент еместердің кірістерінен табыс салығын орналастыру сәтінен бастап есептелген банктік сыйақылар сомалары туралы мәлімет негізінде бюджетке аударылған банктік сыйақылар сомасы көрсетіледі.

Ескерту. 143-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 09.12.2015 № 634 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

144. Шартты банк салымында табыс салығын шетел валютасында орналастырған кезде және табыс салығын аудару күніне және оны шартты банк салымында орналастырған күнге белгіленген валюта айырбасының нарықтық бағамы арасында бағамдық айырма туындаған кезде салық агентінің дербес шотында есептелген табыс салығының сомасы осы Ереженің 145-146-тармақтарында белгіленген тәртіпте бюджетке табыс салығын төлеу (аудару) күніне белгіленген валюта айырбасының нарықтық бағамы бойынша түзетіледі.

145. Оң бағамдық айырма туындаған кезде есеп жүргізуге жауапты лауазымды тұлға дербес шоттың "Есептелді" бағанында бағамдық айырманың сомасын көрсетеді.

146. Теріс бағамдық айырма туындаған кезде есеп жүргізуге жауапты лауазымды тұлға дербес шоттың "Азайтылды" бағанында бағамдық айырманың сомасын көрсетеді.

14-бап. Қате есептелген, анықталмаған салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді есепке алу

147. Бюджетті орындау бойынша уәкілетті органынан алынған төлем құжаттары бойынша қате түсімдерді есепке алу қате есептелген, анықталмаған

салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдерді тіркеу журналында жүргізіледі.

148. Есеп жүргізуге жауапты лауазымды тұлға күн сайын қате төлем құжаттарының тиістілігін анықтау бойынша жұмыс жүргізеді, содан кейін дербес шотқа есепке алу жазбасын жүргізеді немесе салық төлеуші (салық агенті) тіркелген сол немесе басқа мемлекеттік кіріс органына қате есептелген салықтар мен басқа да міндettі төлемдерді қайтаруды немесе есепке жатқызуды жүзеге асырады, ол туралы Қате есептелген, анықталмаған салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдерді тіркеу журналында тиісті жазба жасалады .

149. Қате төленген сомалар анықталған және салық төлеуші қате төленген сомаларды есепке жатқызуға және (немесе) қайтаруға өтініш бермеген жағдайда есеп жүргізуге жауапты лауазымды тұлға салықтың, бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдердің қате төленген сомаларының туындау себептері туралы хаттама жасайды, соның негізінде қате төленген сомаларды есепке жатқызу және (немесе) қайтару жүргізіледі.

150. Қате тұсімдерді есепке жатқызу және (немесе) қайтару белгіленген тәртіпте Салық кодексінің 601-бабы 2-тармағында белгіленген мерзімдерде, осы Ережеге 31-қосымшаға сәйкес төлем тапсырмасының негізінде бюджетті орындау бойынша уәкілетті органның аумақтық органы арқылы.

151. Қате есептелген кедендік төлемдер мен салықтарды, өсімақыларды есепке жатқызу және (немесе) қайтару кедендік төлемдер мен салықтарды, өсімақыларды төлеу орны бойынша кеден органы берген бюджетке кедендік баждардың, салықтардың, кедендік алымдар мен өсімақылардың артық (қате) төленген сомасы бар екендігін растау негізінде жүргізіледі.

152. Қате есептелген салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдерді есепке жатқызу бір бюджет кірісі сыныптамасының кодынан басқасына және/немесе бір мемлекеттік кіріс органынан басқасына жүргізіледі.

153. Үш банк күнінің ішінде есеп жүргізуге жауапты лауазымды тұлға бюджет кірістерінің жіктемесіне сәйкес салықтар мен бюджетке міндettі басқа да төлемдерді одан әрі есептеу үшін келіп түскен салықтар мен бюджетке міндettі басқа да төлемдердің тиістілігін анықтауды жүзеге асырады.

154. Банктер немесе банк операцияларын жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар қате қосарлама аударған жағдайларда бюджеттен салық және басқа да міндettі төлемдерді қайтару егер көрсетілген сомалар бір төлем құжатымен расталса, (сол салық кезеңі үшін салықтың (төлемнің) сол түрі бойынша сол сомада) мемлекеттік кіріс органдары мынадай тәртіпте жүргізеді.

Банктер немесе банк операцияларын жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар мемлекеттік кіріс органына мынадай деректемелерді көрсете отырып, негізделген салық және басқа да міндettі төлемдерді қайтаруға өтініш береді:

- 1) қате аударым құні;
- 2) төлем құжатының номірі, құні
- 3) салық төлеушінің атауы, БСН/ЖСН;
- 4) бюджет кірістері жіктемесінің коды;
- 5) бенефициар;
- 6) бенефициардың БСН-і, ЖСК, бенефициар банкінің БСК;
- 7) салық (төлем) сомасы.

155. Банктер немесе банк операцияларын жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар берген құжаттардың негізінде мемлекеттік кіріс органы салық төлеушілердің банк шоттарынан және/немесе банктердің немесе банк операцияларын жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың шоттарынан салық бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдердің сомаларының қосарлама аударылуын растауды жүргізеді.

156. Бюджетке салықтар мен басқа да міндettі төлемдердің қосарлама аударылуы расталған жағдайда өтініш және қосарлама аударуды растау негізінде банктерге немесе банк операцияларын жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға қайтаруды жүргізу қажет.

157. Салық төлеушілердің (салық агенттерінің) дербес шоттарындағы бюджеттен көрсетілген соманы қайтару туралы бюджетті орындау бойынша уәкілетті органдың аумақтық органдарынан есептер мен төлем құжаттарын алғаннан кейін "Қайтарылды" бағанында тиісті жазба жүргізіледі.

15-бап. Мемлекеттік кіріс органдарының инкассалық өкімдері бойынша өндіріліп алғанған салық берешегін есепке алу

158. Инкассалық өкім осы Ережеге 32-қосымшаға сәйкес Инкассалық өкімдерді тіркеу журналында қалыптастырылады, тіркеледі және салық берешегі бар салық төлеушілердің (салық агенттерінің) банк шоттарына қою үшін банктерге немесе банк операцияларын жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға беріледі. Банкке немесе банк операцияларын жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға біреуден астам инкассалық өкімді беру кезінде мемлекеттік кіріс органдары мыналар көрсетілетін инкассалық өкімнің тізілімін жасайды:

- 1) салық төлеушінің атауы;
- 2) салық төлеушінің БСН-і;
- 3) БСН/ЖСН (болған жағдайда);

- 4) салық төлеушінің банк шоты;
- 5) салық (төлем) сомасы;
- 6) кірістердің бюджеттік жіктемесінің коды;
- 7) инкассалық өкімнің күні мен нөмірі;
- 8) төлем белгілеу коды.

159. Дербес шоттағы мемлекеттік кіріс органының инкассалық өкімі бойынша салық төлеуші (салық агенті) салық берешегін бюджетке толық төлеген кезде төлем тапсырмалары бойынша дербес шотта төленген сомаларды көрсету тәртібіне ұқсас барлық деректемелер бойынша жазба жүргізіледі, ал Инкассалық өкімдерді тіркеу журналында тиісті бағандар бойынша көрсетілген инкассалық өкімнің орындалуы туралы белгі қойылады.

160. Инкассалық өкім ішінәра орындалған кезде мемлекеттік кіріс органына ішінәра орындалғаны туралы белгісі бар электронды төлем тапсырмасы жіберіледі.

Инкассалық өкімді тіркеу журналында ақшаны есептен шығару жүргізілген банк шотының нөмірін көрсете отырып осы өкім бойынша қаражатты ішінәра есептен шығару туралы белгі қойылады.

161. Дербес шотта өндіріп алғынған сомаларды көрсеткен кезде мынадай деректер ескеріледі:

- 1) инкассалық өкімнің нөмірі;
- 2) салық төлеушінің (салық агентінің) банк шотынан соманы есептен шығару күні;
- 3) салықтың немесе басқа міндетті төлемнің төленген сомасы;
- 4) бюджетке есептеу күні.

16-бап. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, өсімақылардың артық төленген сомаларын есепке жатқызулады және қайтаруларды есепке алу

162. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, өсімақылардың артық төленген сомаларын есепке жатқызу және қайтару жүргізу үшін дербес шоттарды жүргізу орны бойынша мемлекеттік кіріс органына қағаз және/немесе электронды тасығыштарда Салық кодексінің 599-бабында көзделген салықтық өтініш беріледі.

Салық өтініштерін есепке алу және қайтару үшін Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, өсімақылардың артық төленген сомаларын есепке жатқызу және қайтару жүргізуудің салық өтініштерін есепке

алу Журналы осы ережелерге 33-қосымшасына сәйкес грант қаржысы есебінен алынатын тауарлар (жұмыстар, қызметтер) есептелген сомасынан есепке жатқызылған ҚҚС асып кетуі жүргізіледі.

163. Салық кодексі 599-бабына сәйкес артық төленген салық және төлемақы сомасы салық төлеушінің өтінішінсіз салықтың және төлемақының осы түрі бойынша өсімақылар мен айыппұлдарды өтеу есебіне есепке жатқызылуы тиіс.

164. Артық төленген өсімақылар сомасы салық төлеушінің өтінішінсіз салықтың және төлемақының осы түрі бойынша бересілер мен айыппұлдарды өтеу есебіне есепке жатқызылуы тиіс.

165. Занды тұлғаның, жеке кәсіпкер салықтың өтінішінде мынадай мәліметтер көрсетілуі тиіс:

1) өтініш берушінің атауы не тегі, аты, әкесінің аты;

2) БСН/ЖСН;

3) өтініш берушінің мекен-жайы;

4) артық төленген сомасы пайда болған салықтың немесе басқа міндettі төлемнің түрі;

5) есепке жатқызуға немесе қайтаруға жататын сома;

6) артық төленген сома есептелетін салықтың, төлемақының коды мен түрі;

7) банк шотына қайтарылған жағдайда - салық төлеушінің (салық агентінің) банктік шотының нөмірі және банк және банк операциярының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның атауы, сондай-ақ олардың деректемелері.

166. Жеке кәсіпкер болып табылмайтын жеке тұлғаның осыған ұқсас салықтың өтінішінде мыналар көрсетілуі тиіс:

1) өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты;

2) БСН/ЖСН;

3) өтініш берушінің мекен-жайы;

4) жеке куәлік, төлкүжат немесе оны ауыстыратын құжаттың нөмірі және кім бергені;

5) артық төленген сома пайда болған салықтың немесе басқа міндettі төлемнің атауы;

6) нақты енгізілген сома;

7) есепке жатқызуға, қайтаруға жататын сома;

8) артық төленген сома есептелетін салықтың түрі мен коды;

9) жеке тұлғаның артық төленген салық сомасын қайтаруды жүргізу қажет банктік шотының нөмірі және банк және банк операциярының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның атауы.

167. Егер міндettі төлемдердің жекелеген түрлерінің сомасын есептеу міндettі уәкілетті мемлекеттік органға жүктелген жағдайда, артық (қате) төленген басқа міндettі төлемдердің сомасын қайтару кезінде салық төлеуші қайтаруға өтінішке

қайтару үшін негіздеме болып табылатын уәкілетті мемлекеттік органның құжатын қоса береді.

168. Артық төленген салық немесе басқа да міндettі төлемдердің, өсімпұлдардың сомасының фактісі расталған кезде артық төленген сомаларды қайтару бюджетті орындау бойынша уәкілетті мемлекеттік органнан алынған деректер негізінде жүзеге асырылады.

169. Артық төленген табыс салығының сомасын қайтару кезінде резидент емес - салық төлеуші сома көрсетілетін қосарлама салық салуды болдырмау туралы халықаралық шарт ережелеріне сәйкес Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған кірістерден төленген табыс салығының сомасын қайтаруға салықтық өтінішті береді, онда мыналар көрсетілуі тиіс:

ұсталған салықтың сомасы;

халықаралық шарт бойынша ұсталуға жататын салық сомасы;

бюджеттен немесе шартты банк салымынан қайтарылуға тиіс салықтың жалпы сомасы.

170. Кеден төлемдері мен салықтардың, өсімақылардың артық төленген сомасын есепке жатқызу немесе қайтару үшін төлеуші Салық кодексінің 599, 601 және 602-баптарында белгіленген тәртіpte және мерзімдерде салықтарды, басқа да міндettі төлемдерді, кеден төлемдерін, өсімпұлдар мен айыппұлдарды есепке жатқызу және қайтару жүргізуге салықтық өтінішпен кедендік декларациялау, тауарлар мен көлік құралдарын кедендік алып жүру жүзеге асырылған, алдын ала шешім қабылданған мемлекеттік кірістер органының тіркеу орны бойынша бенефициар мемлекеттік кірістер органына жүгінеді.

Ескерту. 170-тармақ жана редакцияда - КР Қаржы министрінің 09.12.2015 № 634 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

171. Алып тасталды - КР Қаржы министрінің 09.12.2015 № 634 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

172. Кеден органының тіркеу есебінің орны бойынша мемлекеттік кіріс органы артық төленген кеден төлемдерінің, салықтардың және өсімақылардың сомаларын есепке жатқызуды немесе қайтаруды жүзеге асыру үшін салық төлеушінің тіркеу есебінің орны бойынша мемлекеттік кіріс органдарында салық берешегінің бар не жоқ екендігіне тексеру жүргізеді.

173. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер, өсімақылар бойынша салық берешегі бар болған кезде кеден төлемдерінің, салықтардың, өсімақылардың артық төленген сомаларын есепке жатқызу салықтық өтініш негізінде салық төлеушінің тіркеу есебінің орны бойынша мемлекеттік кіріс органында жүргізіледі.

174. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер, өсімақылар бойынша салық берешек жоқ болған кезде кеден органының тіркелген жері

бойынша мемлекеттік кіріс органы кеден төлемдері мен салықтардың, өсімақылардың артық төленген сомаларын салықтық өтініш негізінде төлеушінің банктік шотына қайтару жүргізеді.

175. 599-бабына сәйкес осы салық, төлемақы түрі бойынша өсімақылар мен айыппұлдарды өтеу есебіне міндettі түрде есепке алуға жатады. Бұл ретте осы есепке жатқызу салық төлеушінің өтінішінсіз дербес шотта артық төленген салық, төлемақы сомасы пайда болған күннен бастап он жұмыс күні ішінде жүргізіледі

176. Салық төлеуші бюджетке артық төленген салық, төлемақы сомасын салықтардың, төлемақылардың басқа түрлері бойынша салық берешегін өтеу есебіне есепке жатқызуға салықтық өтініш берген жағдайда осы Ереженің 175-тармағында көзделген есепке жатқызу жүргізілгеннен кейін мемлекеттік кіріс органына осындай өтініш берген күннен бастап он жұмыс күні ішінде мынадай тәртіпен жүргізіледі:

1) салық төлеуші есепке жатқызуға салықтық өтінішінде көрсеткен салық, төлемақы түрі бойынша бересілерді;

салық төлеуші есепке жатқызуға салықтық өтінішінде көрсеткен салық, төлемақы түрі бойынша өсімақыларды;

салық төлеуші есепке жатқызуға салықтық өтінішінде көрсеткен салық, төлемақы түрі бойынша айыппұлдарды өтеу есебіне;

2) салықтардың және (немесе) төлемдердің осы және басқа түрлері бойынша алдағы төлемдер есебіне есепке алуға жатады.

Бұл ретте бюджетке артық төленген салықтың, төлемақының сомасын есепке жатқызу салық төлеуші тіркеу есебінде тұрган осы және басқа мемлекеттік кіріс органдарында бар салық бере,шектерін өтеу есебіне жүргізіледі.

177. Егер есепке жатқызуға салықтық өтініш берген салық төлеуші құрылымдық бөлімшесі (құрылымдық бөлімшелері) бар заңды тұлға болып табылған жағдайда, онда осы Ереженің 175-тармағында және 176-тармағының 1) тармақшасында көзделген есепке жатқызу жүргізілгеннен кейін бюджетке артық төленген салықтың, төлемақының сомасы есепке жатқызуға берілген салықтық өтінішінде көрсетілген құрылымдық бөлімшесінің (құрылымдық бөлімшелерінің) осы және басқа мемлекеттік кіріс органдарында бар салық берешегін өтеу есебіне мынадай тәртіпте есепке жатқызылады:

1) осы салық, төлемақы түрі бойынша бересілерді;

2) осы салық, төлемақы түрі бойынша өсімақыларды;

3) осы салық, төлемақы түрі бойынша айыппұлдарды;

4) салық төлеуші есепке жатқызуға салықтық өтінішінде көрсеткен салық, төлемақы түрі бойынша бересілерді;

5) салық төлеуші есепке жатқызуға салықтық өтінішінде көрсеткен салық, төлемақы түрі бойынша өсімақыларды;

6) салық төлеуші есепке жатқызуға салықтық өтінішінде көрсеткен салық, төлемақы түрі бойынша айыппұлдарды өтеу есебіне есебіне есепке алуға жатады.

Занды тұлғаның және құрылымдық бөлімшесінің (құрылымдық бөлімшелерінің) салық берешектері өтелгеннен кейін занды тұлғаның артық төленген салық, төлемақы сомалары занды тұлғаның салықтарының және (немесе) төлемдерінің осы және басқа түрлері бойынша алдағы төлемдер есебіне есепке алуға жатады.

178. Занды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі есепке жатқызуға салықтық өтініш берген кезде артық төленген салықтың, төлемақының сомасын есепке жатқызу осы Ереженің 175-176-тармақтарында белгіленген тәртіпте жүргізіледі.

Занды тұлғада салық берешегі болған жағдайда құрылымдық бөлімшениң бюджетке артық төленген салықтың, төлемақының сомасы осы Ереженің 177-тармақтарында белгіленген тәртіпте занды тұлғаның салық берешегін өтеу есебіне есепке жатқызуға жатады.

179. Салық төлеушінің дербес шотында бюджетке артық төленген өсімақылар сомасы және сонымен бір уақытта салықтың, төлемақының осы түрі бойынша бересілер мен айыппұлдар болған жағдайда мемлекеттік кіріс органы дербес шотта артық төленген өсімақылар сомасы пайда болған күннен бастап он жұмыс күні ішінде салық төлеушінің өтінішінсіз салықтың, төлемақының осы түрі бойынша бересілер мен айыппұлдарды өтеу есебіне есепке жатқызу жүргізеді.

180. Салық төлеуші бюджетке артық төленген салықтың, төлемақының сомасын басқа салықтардың, төлемақылардың түрлері бойынша салық берешегін өтеу есебіне есепке жатқызуға салықтық өтініш берген жағдайда есепке жатқызу осы Ереженің 179-тармағында көзделген есепке жатқызу жүргізілгеннен кейін мемлекеттік кіріс органына осындай өтініш берілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде мынадай тәртіпте жүргізіледі:

1) өтеу есебіне:

салық төлеуші есепке жатқызуға салықтық өтінішінде көрсеткен салық, төлемақы түрі бойынша бересілерді;

салық төлеуші есепке жатқызуға салықтық өтінішінде көрсеткен салық, төлемақы түрі бойынша өсімақыларды;

салық төлеуші есепке жатқызуға салықтық өтінішінде көрсеткен салық, төлемақы түрі бойынша айыппұлдарды;

2) салықтардың және (немесе) төлемдердің осы және басқа түрлері бойынша алдағы төлемдер есебіне есепке алуға жатады.

Бұл ретте артық төленген өсімақының сомасын есепке жатқызу салық төлеуші тіркеу есебінде тұрған осы және басқа мемлекеттік кіріс органдарында бар салық берешектерін өтеу есебіне жүргізіледі.

181. Егер есепке жатқызуға салықтық өтініш берген салық төлеуші құрылымдық бөлімшесі (құрылымдық бөлімшелері) бар заңды тұлға болып табылған жағдайда, онда осы Ереженің 179-тармағында және 180-тармағының 1) тармақшасында көзделген есепке жатқызу жүргізілгеннен кейін бюджетке артық төленген өсімақының сомасы есепке жатқызуға берілген салықтық өтінішінде көрсетілген құрылымдық бөлімшесінің (құрылымдық бөлімшелерінің) осы және басқа мемлекеттік кіріс органдарында бар салық берешегін өтеу есебіне мынадай тәртіпте есепке жатқызылады:

- 1) осы салық, төлемақы түрі бойынша бересілерді;
- 2) осы салық, төлемақы түрі бойынша өсімақыларды;
- 3) осы салық, төлемақы түрі бойынша айыппұлдарды;
- 4) салық төлеуші есепке жатқызуға салықтық өтінішінде көрсеткен салық, төлемақы түрі бойынша бересілерді;
- 5) салық төлеуші есепке жатқызуға салықтық өтінішінде көрсеткен салық, төлемақы түрі бойынша өсімақыларды;
- 6) салық төлеуші есепке жатқызуға салықтық өтінішінде көрсеткен салық, төлемақы түрі бойынша айыппұлдарды өтеу есебіне есепке алуға жатады.

Заңды тұлғаның және құрылымдық бөлімшесінің (құрылымдық бөлімшелерінің) салық берешектері өтелгеннен кейін заңды тұлғаның артық төленген өсімақы сомалары заңды тұлғаның салықтарының және (немесе) төлемдерінің осы және басқа тұрларі бойынша алдағы төлемдер есебіне есепке алуға жатады

182. Заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі есепке жатқызуға салықтық өтініш берген кезде артық төленген өсімақылардың сомасын есепке жатқызу осы Ереженің 179-180-тармақтарында белгіленген тәртіпте жүргізіледі.

Заңды тұлғада салық берешегі болған жағдайда құрылымдық бөлімшенің артық төленген өсімақылардың сомасы осы Ереженің 181-тармақтарында белгіленген тәртіпте заңды тұлғаның салық берешегін өтеу есебіне есепке жатқызуға жатады.

183. Осы тарауда көрсетілген есепке жатқызу тәртібі мынадай төлемақыларға, алымдарға қолданылады:

- 1) жер участелерін пайдаланғаны үшін төлемақы;
- 2) жер бетіндегі көздерден алынатын су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы;
- 3) қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы;
- 4) радиожилік спектрін пайдаланғаны үшін төлемақы;

5) Қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын, сондай-ақ ұялы байланысын бергені үшін төлемақы.

6) Кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемақы;

7) сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін төленетін төлемақы;

8) аукциондардан алынатын алым;

9) азаматтық авиация саласындағы сертификаттау үшін алынатын алым.

184. Артық төленген салық немесе төлемақы сомасын есепке жатқызуды салық төлеушінің дербес шоты бойынша артық төленген сома есептелген мемлекеттік кіріс органы жүргізеді.

185. Салықтардың басқа түрлері бойынша берешекті өтеу есебіне бюджетке артық төленген салық, төлемақы сомасын аудару үшін есеп жүргізуге жауапты лауазымды тұлға еki данада төлем тапсырмасын толтырады және бюджетті орындау бойынша уәкілетті органның аумақтық органдарына береді.

186. Төлем тапсырмалары Салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер, өсімақылар мен айыппұлдар, есепке жатқызылуы тиіс ҚҚС-тың есептелген салық сомасынан арту, Қазақстан Республикасында тіркелген дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктерге грант қаражаттары есебінен сатып алынатын тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша төленген ҚҚС сомаларын есепке жатқызуға және қайтаруға төлем тапсырмаларын тіркеу журналында тіркеледі.

187. Мемлекеттік кіріс органдары бюджетті орындау бойынша уәкілетті органның аумақтық органдарына беретін артық төленген салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдердің, өсімақылардың сомаларын есепке жатқызууды және қайтаруды жүргізуге арналған төлем тапсырмасын толтыру мынадай тәртіппен жүргізіледі:

"Күні" жолында төлем тапсырмасын қалыптастыру күні көрсетіледі.

"Ақшаны жіберуші" жолында артық төленген салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдерді есепке жатқызууды және қайтаруды жүргізетін мемлекеттік кіріс органының атауы көрсетіледі.

"ЖСК" жолында салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлем есептелген бюджеттің кіріс шоты көрсетіледі.

"Коды" жолында ақшаны жіберушінің (мемлекеттік кіріс органының) коды көрсетіледі, мұндағы бірінші сан мемлекеттік кіріс органы резиденттік белгісін, ал екіншісі - мемлекеттік кіріс органы экономикасының секторын білдіреді. Мемлекеттік кіріс органының коды - 11.

"БСН" жолында ақшаны жіберуші мемлекеттік кіріс органының БСН-і көрсетіледі.

"БСК" жолында бюджетті орындау бойынша уәкілетті органның банктік сәйкестендіру коды көрсетіледі.

"Алұшы - банк" жолында бюджетті орындау бойынша уәкілетті органның атауы көрсетіледі;

"Бенефициар" жолында артық төленген салық сомаларын есепке алуды жүргізген кезде оның есебіне салық сомасы есептегеттік кіріс органының атауы көрсетіледі; салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдерді қайтаруды жүргізген кезде артық төленген салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдерді қайтаруды жүргізуге өтініші берген салық төлеушінің атауы көрсетіледі.

"ЖСК" жолында салықты есепке алуды жүзеге асыру салық сомасы есепке алынатын бюджеттің кіріс коды көрсетіледі; артық төленген салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдерді қайтаруды жүзеге асыру кезінде салық төлеушінің қайтару жүргізілетін банктік шоты көрсетіледі; артық (қате) төленген сомаларды жеке тұлғаларға қайтаруды жүзеге асырган кезде бенефициар банктің шоты көрсетіледі.

"Бек" жолында салықтар сомаларын басқа салықтар бойынша берешектерді өтеу есебіне жатқызу кезінде Бек коды көрсетіледі, мұндағы бірінші сан мемлекеттік кіріс органы резиденттік белгісін, ал екіншісі - мемлекеттік кіріс органы экономикасының секторын білдіреді; салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдерді банктік шотқа қайтару кезінде бенефициардың Бек коды көрсетіледі, мұндағы бірінші сан салық төлеушінің резиденттік белгісін, ал екіншісі - салық төлеуші экономикасының секторын білдіреді.

Артық төленген салық сомаларын қайтаруды жүргізу кезінде "БСН" жолында ақшаны алушы мемлекеттік кіріс органының БСН-і көрсетіледі; ал салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдерді қайтару кезінде - ақшаны алушы салық төлеушінің БСН-і көрсетіледі.

"Бенефициар банк" жолында артық төленген салық сомаларын қайтаруды жүргізу кезінде бюджетті орындау бойынша уәкілетті органның атауы көрсетіледі; ал салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдерді банк шотына қайтаруды жүргізу кезінде қайтару жүргізілетін салық төлеушіге (өтініште көрсетілген) қызмет көрсететін банк атауы көрсетіледі.

"БСК" жолында салықтардың сомаларын салықтардың басқа да түрлері бойынша берешекті өтеу есебіне жатқызған кезде - бюджетті орындау бойынша уәкілетті органның банктік сәйкестендіру коды; салық және басқа да міндettі төлемдердің, өсімақыларды сомаларын банк шотына қайтарған кезде салық төлеушіге қызмет көрсететін банк-бенефициардың банктік сәйкестендіру коды көрсетіледі.

"Делдал - банк" жолы мен "БСК" жолы салық және бюджетке төленетін міндettі төлемдердің артық төленген сомаларын есепке жатқызу және қайтару жүргізілген кезде толтырылмайды.

"Сомасы жазбаша" жолында салықтың басқа да түрлері бойынша салық берешегін өтеу есебіне есепке жатқызуға немесе банктік шотқа қайтаруға жататын сома жазбаша көрсетіледі, ол "Сомасы" жолында көрсетілген сомага сәйкес болуы тиіс.

"Тауарды (қызмет көрсетуді, жұмыс орындауды) алынған күні" жолында салық және бюджетке төленетін міндettі төлемдердің, өсімақылардың артық төленген сомаларын есепке жатқызу және қайтару жүргізілген кезде толтырылмайды.

"Төлем тағайындау" жолында оның негізінде бюджетке артық (қате) төленген сомаларды есепке жатқызу немесе қайтару жүргізілетін немесе бюджеттен ҚҚС-н өтеу жүзеге асырылатын құжаттың атауы, нөмірі мен күні; артық төленген сомаларды есепке жатқызу немесе қайтару жүргізуге өтініш берген салық төлеушінің БСН/ЖСН және атауы немесе жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты; есепке жатқызу немесе қайтару жүргізілетін бюджет сыныптамасының коды көрсетіледі. Жеке тұлғаға артық төленген сомаларды қайтару кезінде қосымша оның шотының нөмірі көрсетіледі. Егер құрылымдық бөлімшелердің салық берешегін өтеу есебіне есепке жатқызу жүргізілетін болса, құрылымдық бөлімшениң БСН/ЖСН және атауы көрсетіледі.

"Төлем белгілеудің коды" жолында төлем белгілеу кодтарының ішінен біреуі көрсетіледі.

"Бюджет жіктемесінің коды" жолы басқа да салықтар бойынша берешекті өтеу есебіне артық төленген салық сомаларын есепке жатқызу жүргізілген кезде толтырылады және салық сомасы есепке жатқызылатын бюджет жіктеушісінің коды көрсетіледі; салық төлеушінің банктік шотына салық және бюджетке төленетін міндettі төлемдердің, өсімақылардың артық төленген сомаларын қайтаруды жүзеге асырған кезде толтырылмайды.

"Валюталау күні" жолы салық және бюджетке төленетін міндettі төлемдердің, өсімақылардың артық төленген сомаларын есепке жатқызу мен қайтару жүргізілген кезде толтырылмайды.

Төлем тапсырмасына мемлекеттік кіріс органының басшысы, ал ол болмаған жағдайда - оны ауыстыратын тұлға және есеп жүргізуге жауапты лауазымды тұлға қол қояды және салық мемлекеттік кіріс органының мөрімен қуәландырылады.

188. Резидент емес салық төлеушілерге артық төленген сомаларды шетел валютасында ашық банк шоттарына қайтару мемлекеттік кірістер органдары бюджетті орындау бойынша уәкілдегі органның аумақтық органдарына беретін төлем тапсырмасы негізінде ұлттық валютада жүргізіледі.

189. Әрбір салық төлеушіге (салық агентіне) дербес шоттар жүргізілмейтін салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер бойынша салық

төлеуші басқа міндетті төлемдердің артық төленген сомасын растайтын уәкілетті мемлекеттік органдардан қосымша құжаттар беруі тиіс.

190. Мемлекеттік кіріс органына басқа міндетті төлемдерді қайтару үшін дәлелді себептері көрсетілетін көрсетілген соманы қайтаруға уәкілетті мемлекеттік органдардың жазбаша шешімі (қорытындысы) беріледі.

191. Артық төленген салық сомасы берешекті өтеудің белгіленген тәртібін жүргізуден кейін салық төлеушінің (салық агентінің) банк шотына қайтаруға жатады.

Салықтың, төлемақының, алымның, өсімпұлдың артық төленген сомасын қайтару салық берешегі болмаған кезде жүргізіледі.

Мемлекеттік кірістер органдарындары салық берешегі болған кезде салықтың, төлемақының, алымның, өсімпұлдың артық төленген сомасын есепке жатқызуға салықтың өтінішсіз салық берешегін өтеу есебіне есепке жатқызууды жүргізеді.

Егер салық төлеуші заңды тұлға болып табылған жағдайда, салықтың, төлемақының, алымның, өсімпұлдың артық төленген сомасын есепке жатқызу есепке жатқызуға салықтың өтінішсіз заңды тұлға мен оның құрылымдық бөлімшелерінің салық берешегін өтеу есебіне жүргізіледі.

Осы тармақта көзделген есепке жатқызу жүргізілгеннен кейін салықтың, төлемақының, алымның, өсімпұлдың артық төленген сомасының қалдығы қайтаруға жатады.

192. Банк шотына артық төленген салықтар мен басқа да міндетті төлемдер, өсімақылар сомасын салық төлеушіге (салық агентіне) қайтару кезінде осы Ережелердің 182-тармағында жазылған төлем тапсырмасын толтыру және бюджетті орындау бойынша уәкілетті органның аумақтық органдарына беру тәртібі сақталады.

193. Артық төленген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді, өсімақыларды қайтару егер Салық кодексінде өзгеше көзделмесе, қайтару туралы өтініш берілген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде салықты және басқа да міндетті төлемді төлеу орны бойынша жүргізіледі.

194. Егер қайтару немесе есепке жатқызу сомасы айлық есептік көрсеткіштің 100 еселенген мөлшерінен асқан жағдайда, міндеттемелердің орындалуына бақылау бойынша лауазымды тұлға осы қайтарудың немесе есепке жатқызуудың негізділігін растайтын жазбаша қорытынды береді.

Ескерту. 194-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

195. Дербес шоттардағы жүргізілген есепке жатқызулар мен қайтарулар туралы жазбалар бюджетті орындау бойынша уәкілетті органның есептері, мемлекеттік кірістер органдарының төлем тапсырмалары негізінде жүргізіледі.

Салық берешегін өтеудің есебіне артық төлелген сомаларының өткізілген есепке жатқызулары бойынша резидент емес қосылған құн салығы бойынша салықты, резидент емес осы ережелерге 34-қосымшаға сәйкес қосылған құнға жататын төлеуді, салық төлеушіге есепке жатқызуды өткізуден кейін жүргізледі.

196. Қате төленгендерді қоспағанда, төленген басқа да міндетті төлемдердің мынадай түрлері бюджеттен қайтаруға жатпайды:

- 1) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автокөлік құралдарының жүріп өткені үшін алым;
- 2) жануарлар әлемін пайдаланғаны үшін төлемақы;
- 3) ерекше қорғалатын табиғи аумактарды пайдаланғаны үшін төлемақы;
- 4) алып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 09.12.2015 № 634 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.
- 5) алып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 09.12.2015 № 634 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.
- 6) консулдық алымдар.

Ескерту. 196-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 09.12.2015 № 634 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

197. Алым төлеген адам тиісті құжаттарды бергенге дейін тіркеуден (есепке қоюдан) не лицензиарға тиісті құжаттарды бергенге дейін лицензия алудан бастапткан алымдарды бюджеттен алымдарды бюджеттен қайтару үшін қайтаруға өтінішті қоспағанда төлеу орны бойынша мемлекеттік кіріс органына көрсетілген төлемді қайтару қажеттілігі туралы шешіммен қоса тиісті тіркеуші орган берген құжат беріледі.

198. Төлеу орны бойынша мемлекеттік кіріс органына мемлекеттік бажды бюджеттен қайтару үшін мыналар беріледі:

- 1) қайтаруға өтініш;
- 2) мемлекеттік бажды қайтару үшін негіздеме болып табылатын тиісті мемлекеттік органдың құжаты;
- 3) бюджетке мемлекеттік бажды төлеуді растайтын құжат.

199. Оның пайдасына іс бойынша бір тарап болып табылатын мемлекеттік мекемеден мемлекеттік бажды өндіріп алу туралы сот шешімі шыққан төлеушіге мемлекеттік баж сомасын қайтаруды мемлекеттік кіріс органы мыналардың негізінде жүргізеді:

- 1) салық төлеушінің немесе мемлекеттік мекеменің үшінші тұлғаның мұддесін қорғайтын жағдайларды қоспағанда мемлекеттік мекеменің салықтық өтініші;
- 2) бюджетке мемлекеттік баж төлеу туралы төлем құжаты немесе сот органының шешімі.

Бюджетке төленген мемлекеттік баж сомасын қайтаруды мемлекеттік кіріс органдары мемлекеттік баж сомасы есепке жатқызылған тиісті бюджет жіктемесінің кодынан жүргізеді.

Мемлекеттік кіріс органы мемлекеттік баж сомасын қайтаруды жүзеге асырғаннан кейін салық төлеушіге және (немесе) сот шешімін орындау туралы хабарлама жібереді.

200. Мемлекеттік баж сомасын қайтаруға құжаттар мемлекеттік баж сомасының бюджетке есепке жатқызылған күннен бастап үш жылдық мерзім еткенге дейін мемлекеттік кіріс органына берілуі тиіс.

201. Бюджетке артық төленген салықты, төлемақыны есепке жатқызу және қайтару мерзімі бұзылған кезде Салық кодексінде белгіленген тәртіpte есепке жатқызу және қайтару мерзімі бұзылған әр күні үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландырудың ресми ставкасының 2,5 еселенген мөлшерінде өсімақы есептеле отырып, жүргізіледі.

202. Бюджет кірістерінің жіктемесінің кодтары арасында есепке жатқызу немесе салық төлеушінің (салық агентінің) банктік шотына қайтару жүзеге асырылғаннан кейін оның негізінде осындай есепке жатқызу және (немесе) қайтару жүргізілген төлем құжатына сәйкес дербес шоттарда мынадай операциялар көрсетіледі:

1) бюджет кірістерінің жіктемесінің басқа кодына есепке жатқызу жүргізілген тиісті код бойынша дербес шотта, сондай-ақ салық төлеушінің (салық агентінің) банк шотына қайтару кезінде есепке жатқызу немесе қайтару сомасы "Қайтарылды" бағанында көрсетіледі;

2) сома есепке жатқызылған тиісті код бойынша дербес шотта "Төленді" бағанында көрсетіледі.

203. Төлем көзінен ұсталатын салықтарды есептеу, ұстап қалу және аудару бойынша міндет жүктелген салық агенті жеке табыс салығын артық ұстап қалған жағдайда артық ұсталған салықты қайтару үшін салық төлеуші салық агентіне өтінішпен жүгінеді. Жеке табыс салығын артық ұстап қалу фактісі расталған кезде және салық агенті салық төлеушіге салықты қайтарған кезде қосымша салық есептілігі табыс етіледі.

17-бап. Есепке жатқызылуы тиіс қосылған құн салығының есептелген салық сомасынан артығын қайтару

204. Салық кодексінің 273-бабы 3 тармағының 1) тармақшасында көзделген салықтық тексеру актісіне не бюджеттен қайтаруға жататын есептелген ҚҚС сомасынан есепке жатқызылуы тиіс ҚҚС артық сомасының дұрыстығын растау бойынша актіге қорытындыға қол қойылғаннан кейін не болмаса Салық

кодексінің 274-бабы 2-тармағында көзделген салық міндеттемесінің орындалғаны туралы жауаптар алғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде салықтық тексеру нәтижелеріне жауапты лауазымды тұлға "Орталықтандырылған біріздендірілген дербес шот" ақпараттық жүйесінде есеп айырысулар сальдосы бойынша есеп қалыптастырады.

Ескерту. 204-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 09.12.2015 № 634 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

205. Егер ҚҚС төлеуші құрылымдық бөлімшесі бар заңды тұлға болып табылған жағдайда есеп айырысулар сальдосы бойынша есеп құрылымдық бөлімшелерінің салық берешектері ескеріле отырып қалыптастырылады.

Есеп айырысулар сальдосы бойынша есеп осы Ережеге 35-қосымшаға сәйкес (№ 1 нысан) Есепке жатқызылатын қосылған құн салығының есептелген салықтан асып кетуін қайтаруға өкім (бұдан әрі - өкім) жасалған күні қалыптастырылады.

Ескерту. 205-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 09.12.2015 № 634 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

206. Есеп айырысулар сальдосы бойынша есеп салық төлеушінің тіркеу есебінің орны бойынша;

орналасқан орны бойынша;

салық салу объектісінің және (немесе) салық салуға байланысты объектінің орналасқан орны бойынша;

салық төлеушінің құрылымдық бөлімшелерінің орналасқан орны бойынша мемлекеттік кіріс органдарында ашық дербес шоттардың деректері бойынша қалыптастырылады.

Ескерту. 206-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 09.12.2015 № 634 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

207. Алып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 09.12.2015 № 634 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

208. Есеп айырысулар сальдосы бойынша есеп қалыптастырылған күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей және есепке жатқызуға өтініштің негізінде салық тексеруін жүргізетін лауазымды тұлға екі данада өкім жасайды.

ҚҚС төлеушілердің әрқайсысына бөлек өкім жасалады.

Ескерту. 208-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 09.12.2015 № 634 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

209. Өкімге салық тексеруін жүргізетін лауазымды тұлға қол қояды және ҚҚС артығын нақты есепке жатқызу (қайтару) жүргізу үшін есеп жүргізуге жауапты лауазымды тұлғаға береді.

210. Өкім негізінде оны алғаннан кейін екі жұмыс күнінен кешіктірмей есеп жүргізуге жауапты лауазымды тұлға салық берешегі болған кезде жасаған күнгі

жағдай бойынша қалыптасқан занды тұлғаның және/немесе құрылымдық бөлімшелердің салық берешегін өтеу есебіне есепке жатқызу жүргізуге төлем тапсырмасын жасайды. Сонымен бір уақытта ҚҚС төлеушінің банк шотына ҚҚС артық сомасының қалдығын қайтаруға төлем тапсырмасы жасалады.

211. Төлем тапсырмасын есеп жүргізуге жауапты лауазымды тұлға оны бекітуге берген күні мемлекеттік кіріс органының басшысы немесе оны ауыстыратын тұлға бекітеді.

212. Есеп жүргізуге жауапты лауазымды тұлға ресімдеген төлем тапсырмасы қол қойылғаннан кейін бір жұмыс күнінен кешіктірілмей

213. ҚҚС артығын есепке жатқызғаннан (қайтарғаннан) кейін есеп жүргізуге жауапты лауазымды тұлға өкімнің екінші данасын орындалғаны туралы белгі қоя отырып, салық тексеруінің нәтижелеріне жауапты лауазымды тұлғаға қайтарады. Өкімнің бірінші данасы есеп жүргізуге жауапты лауазымды тұлғада қалады.

Қосылған құн салығы резидент емес төлеуге жататын салық төлеушіге есепке алу қосылған құн салығын қайтаруды өткізуден кейін растау жолымен есепке жатқызу қосылған құнға салықтың асып кетуін қайтару осы ережелерге 36-қосымшасына сәйкес салық берешегін өтеудің есебіне резидент еместегі қосылған құнға салығы бойынша сәйкес есептелгенеді.

18-бап. Өзге де негіздер бойынша қосылған құн салығын қайтару

214. Осы тараудың күші грант алушыларға немесе грант алушы тағайындаған орындаушыларға (бұдан әрі - грант алушы) грант есебінен сатып алынған тауарлар, жұмыстар, қызмет көрсетулер бойынша жеткізушілерге төленген қосылған құн салығы бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасында тіркелген дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктерге (бұдан әрі өкілдіктер) шетелдік дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктердің ресми пайдалануына, сондай-ақ осы өкілдіктердің дипломатиялық және әкімшілік-техникалық қызметкерлеріне, олармен бірге тұратын отбасыларының мүшелерін (бұдан әрі - персонал) қоса алғанда, жеке пайдалануға арналған тауарларды жұмыстар, қызмет көрсетулерді жеткізушілерге төленген қосылған құн салығы бойынша таралады.

215. Қосылған құн салығын грант алушыларға және өкілдіктерге қайтару Салық кодексінің 604-бабының сәйкес жүргізіледі.

216. Қосылған құн салығының сомасын қайтаруды (есепке жатқызуды) салық төлеушінің орналасқан жері бойынша мемлекеттік кіріс органы жүргізеді.

Қосылған құн салығын грант алушыларға қайтару грант қаражаты есебінен сатып алынған тауарлар, жұмыстар, қызмет көрсетулер бойынша төленген

қосылған құн салығын қайтару туралы салықтық өтініш берілген күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

217. Грант алушының грант қаражаты есебінен қосылған құн салығын төлегені расталғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде салық тексеруін жүзеге асыратын лауазымды тұлға грант алушыға есепке жатқызуға салықтық өтініш беру қажеттігін хабарлайды.

Есепке жатқызуға салықтық өтініш осы Ереженің 212-тармағында белгіленген мерзімдер аяқталғанға дейін он дұмыс күні ішінде мемлекеттік кіріс органына беріледі.

Бұл ретте салық төлеушінің талабы бойынша салыстыру актісі жасалады.

218. Сонымен бір мезгілде салық тексеруін жүзеге асыратын лауазымды тұлға есеп жүргізуге жауапты лауазымды тұлғаға грант алушылар тізімін береді, олар бойынша салық төлеушінің берешегінің бар және (немесе) жоқ екендігі туралы құжат (бұдан әрі - берешектің жоқ екендігі туралы құжат) жасауы тиіс.

219. Тізім берілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде есеп жүргізуге жауапты лауазымды тұлға тізім берілген күнге берешектің жоқ екендігі туралы құжат жасайды.

Егер грант алушы құрылымдық бөлімшелері бар заңды тұлға болып табылған жағдайда берешектің жоқ екендігі туралы құжат құрылымдық бөлімшелерінің салық берешектері ескеріле отырып, жасалады.

220. Салық төлеушінің орналасқан жері бойынша салық берешегі жоқ болған кезде салықтардың және төлемақылардың басқа түрлері бойынша бар салық берешегін өтеу есебіне есепке жатқызу былайша жүргізіледі:

салық салынатын объектілердің және салық салумен байланысты объектілердің орналасқан жері бойынша;

салық төлеушінің құрылымдық бөлімшелерінің орналасқан жері бойынша.

221. Бюджеттен қайтарылуы тиіс қосылған құн салығының сомасы Салық кодексінің 599-бабы 13 және 15-тармақтарында белгіленген жағдайларды қоспағанда басқа салық төлеушінің салық берешегін өтеу есебіне қайтаруға (есепке жатқызуға) жатпайды.

Берешектің жоқ екендігі туралы құжат салық төлеушінің тіркеу есебінің орны бойынша;

орналасқан орны бойынша;

салық салу объектісінің және (немесе) салық салуға байланысты объектінің орналасқан орны бойынша;

салық төлеушінің құрылымдық бөлімшелерінің орналасқан орны бойынша мемлекеттік кіріс органдарында ашық дербес шоттардың деректері бойынша жасалады.

Берешектің жоқ екендігі туралы құжат жасалған күні есеп жүргізуге жауапты лауазымды тұлға қайтару бойынша шешім қабылдау үшін берешектің жоқ екендігі туралы құжатты салық тексеруінің нәтижелеріне жауапты лауазымды тұлғаға береді. Берешектің жоқ екендігі туралы құжатқа есеп жүргізуге жауапты лауазымды тұлға қол қояды.

222. ҚҚС қайтаруды (есепке жатқызуды) мемлекеттік кіріс органдары қайтаруға салықтық өтігніште көрсетілген сома шегінде жүргізеді.

223. Есепке жатқызуға салықтық өтінішке тауарлар импорты кезінде төленуі тиіс ҚҚС төлеу есебіне ҚҚС есепке жатқызу кезінде тауарлар импорты кезінде төленуі тиіс ҚҚС сомасы көрсетіле отырып, кеден органының растауы қоса беріледі.

224. Егер бес жұмыс күні ішінде есепке жатқызуға салықтық өтініш берілмеген жағдайда ҚҚС есепке жатқызу (қайтару) жүргізілмейді.

225. Егер грант алушының салық берешегі болған жағдайда және есепке жатқызуға салықтық өтініш берген кезде есепке жатқызуға салықтық өтініште көрсетілген салық берешегі берешектің жоқ екендігі туралы құжаттың деректеріне сәйкес келмеген жағдайда ҚҚС қайтару (есепке жатқызу) берешектің жоқ екендігі туралы құжат негізінде жүргізіледі.

226. Есепке жатқызуға салықтық өтінішті алған күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей салық тексеруін жүргізуге жауапты лауазымды тұлға екі данада осы Ережеге 37-қосымшаға сәйкес Грант қаражаты есебінен сатып алынған тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша төленген ҚҚС сомаларын қайтаруға өкім (бұдан әрі - өкім).

Әр грант алушыға бөлек өкім жасалады.

227. Өкімге салық тексеруінің нәтижелеріне жауапты лауазымды тұлға қол қояды және нақты ҚҚС есепке жатқызу (қайтару) жүргізу үшін есеп жүргізуге жауапты лауазымды тұлғаға жіберіледі.

228. Өкім негізінде оны алғаннан кейін екі жұмыс күнінен кешіктірмей есеп жүргізуге жауапты лауазымды тұлға салық берешегі болған кезде жасаған күнгі жағдай бойынша қалыптасқан заңды тұлғаның және/немесе құрылымдық бөлімшелердің салық берешегін өтеу есебіне есепке жатқызу жүргізуге төлем тапсырмасын жасайды. Сонымен бір уақытта ҚҚС төлеушінің банк шотына ҚҚС артық сомасының қалдығын қайтаруға төлем тапсырмасы жасалады.

229. Төлем тапсырмасын мемлекеттік кіріс органдының басшысы немесе оны ауыстыруши тұлға оны есеп жүргізуге жауапты лауазымды тұлға бекітуге берген күні бекітеді.

230. Есеп жүргізуге жауапты лауазымды тұлға ресімдеген төлем тапсырмасы қол қойылғаннан кейін бір жұмыс күнінен кешіктірілмей ҚҚС сомасын есепке

жатқызуға (қайтаруға) өкім деректемелерін төлем белгілеуінде көрсете отырып, бюджетті орындау бойынша уәкілетті органның аумақтық органына жіберіледі.

231. Грант алушыға ҚҚС есепке жатқызу (қайтару) жүргізілгеннен кейін есеп жүргізуге жауапты лауазымды тұлға өкімнің екінші данасын орындалғаны туралы белгі қоя отырып, салық тексеруінің нәтижелеріне жауапты лауазымды тұлғаға қайтарады. Өкімнің бірінші данасы есеп жүргізуге жауапты лауазымды тұлғада қалады.

232. Салық кодексінің 241-бабына сәйкес төлеуге жататын қосылған құн салығы есебіне жатқызу жолымен қайтаруды өткізуден кейін салық төлеушіге осы Ереженің 31-қосымшасына сәйкес грант қаражаты есебінен сатып алынған тауарлар, жұмыстар, қызмет көрсетулер бойынша төленген, қосылған құн салығы есебіне жатқызуды өткізгені туралы растама беріледі.

233. Өкілдіктерге қосылған құн салығын қайтару Сыртқы істер министрлігінен жиынтық ведомостер (тізілімдер) мен қосылған құн салығын төлегенін растайтын құжаттарды алғаннан кейін отыз жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

234. Өкілдік қосылған құн салығын төлегенін растиғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде салық тексеруінің нәтижелеріне жауапты лауазымды тұлға екі данада осы Ережеге 38-қосымшага сәйкес Қазақстан Республикасында тіркелген дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктерге ҚҚС сомаларын қайтаруға өкім (бұдан әрі - өкім) жасайды.

235. Өкім негізінде оны алғаннан кейін екі жұмыс күнінен кешіктірмей есеп жүргізуге жауапты лауазымды тұлға өкілдіктің және (немесе) өкілдік персоналының банктік шотына ҚҚС қайтаруға төлем тапсырмасын жасайды.

236. Өкілдікке және (немесе) өкілдік персоналына ҚҚС қайтару жүргізілгеннен кейін есеп жүргізуге жауапты лауазымды тұлға өкімнің екінші данасын орындалғаны туралы белгі қоя отырып, салық тексеруінің нәтижелеріне жауапты лауазымды тұлғаға қайтарады. Өкімнің бірінші данасы есеп жүргізуге жауапты лауазымды тұлғада қалады.

19-бап. Занды тұлғаны қайта үйымдастыру кезінде дербес шоттарды есепке алу және беру

237. Мемлекеттік кіріс органына занды тұлғаны қайта үйымдастыру туралы құжаттарды берген жағдайда Салық кодексінің 39-бабының 6-тармағына сәйкес мемлекеттік кіріс органы оның құқық мирасқорына (құқық мирасқорларына) қайта үйымдастырылған занды тұлғаның салық міндеттемелерін беруге міндettі.

238. Құқық мирасқорына (құқық мирасқорларына) қайта үйымдастырылған занды тұлғаның салық міндеттемелерін бергенге дейін осы Ережелердің 175-182-

тармақтарында жазылған тәртіпте қайта ұйымдастырылған занды тұлғаның салық берешегін өтеу есебіне бюджетке артық төленген салық төлемақылар, есімақылар сомасын есепке жатқызу жүргізіледі.

239. Егер құқық мирасқоры (құқық мирасқорлары) басқа мемлекеттік кіріс органында тіркеу есебінде тұрған жағдайда бюджетке төлемдер бойынша дербес шоттардың көшірмелері қайта ұйымдастырылған занды тұлға құқық мирасқорының (құқық мирасқорларының) салықтар мен бюджетке басқа да міндettі төлемдерді төлеу жөніндегі салық міндettемелерін қабылдайтын мемлекеттік кіріс органына жіберіледі.

240. Көрсетілген құжаттар дербес шоттардың көшірмелері жіберілетін, салықтар мен бюджетке басқа да міндettі төлемдер түрлерінің тізбесі келтірілетін ілеспе хатпен жіберіледі, дербес шотпен басылған күн көрсетіледі, басшының қолы, беретін мемлекеттік кіріс органының мөрі қойылады.

241. Дербес шоттарда "Операцияның және оның негізінде жазба жүргізіletіn құжат мәні" бағанында қорытындыны шығарғаннан кейін беретін мемлекеттік кіrіc органының дербес шоттарында мынадай мазмұндағы жазба жүргізіледі: _____

(ауданы, қаласы, облысы) бойынша мемлекеттік кіrіc органына дербес шоттардың көшірмелері берілді күні, қолы, мемлекеттік кіrіc органының мөрі.

242. Құқық мирасқорының дербес шотына алынған құжаттардың негізінде қайта ұйымдастырылған занды тұлғаның салық міндettемелерін қабылдайтын мемлекеттік кіrіc органы қайта ұйымдастырылған занды тұлғаның сальдосын ғана енгізеді.

Қайта ұйымдастырылған занды тұлғаның салық міндettемелерін қабылдау кезінде қабылдаушы мемлекеттік кіrіc органы қайта ұйымдастырылған занды тұлғаның құжаттарын қабылдаған күннен бастап он жұмыс күні ішінде берген мемлекеттік кіrіc органы н оларды қабылдағаны туралы хабарландыруға міндettі .

243. Қайта ұйымдастырылған занды тұлғада бірнеше құқық мирасқоры болған жағдайда дербес шоттың сальдосы қайта ұйымдастыру кезінде құқық мирасқоры алған мүліктегі үлесі бойынша таратылады.

244. Салық кодексінің 39-бабы 2-тармағына сәйкес занды тұлғаны қайта құру құқық мирасқорының (құқық мирасқорларының) салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдерін бюджетке төлеу жөніндегі оның салық міндettемелерінің орындау мерзімдерін өзгертуге негіз болып табылмайды.

20-бап. Салық төлеуушінің (салық агентінің) орналасқан орнының өзгеруі кезінде дербес шоттарды есепке алу және беру

245. Занды тұлғаның, филиалдың және өкілдіктікің орналасқан жері өзгерген кезде бір мемлекеттік кіріс органынан басқа мемлекеттік кіріс органына салық төлеушінің (салық агентінің) дербес шоттарын беру Салық кодексінің 595-бабында көзделген негіздер бойынша жүргізіледі.

246. Бұл ретте міндеттемелердің орындалуына бақылау бойынша лауазымды тұлға есеп жүргізуге жауапты лауазымды тұлғага мыналар көрсетілетін тізімді береді, онда:

- 1) салық төлеушінің (салық агентінің) атауы;
- 2) СТН-і (БСН/ЖСН (болған жағдайда));
- 3) тіркеу есебінен шығару күні;
- 4) салық төлеуші (салық агенті) көшетін мемлекеттік кіріс органының атауы.

247. Егер салық төлеушінің бюджетке төленген салықтың, төлемақылардың, өсімақылардың артық сомалары болған жағдайда дербес шоттарды бергенге дейін бюджетке артық төленген салық, төлемақылар, өсімақылар сомаларын салық төлеушінің салықтық өтініші бойынша егер Салық кодексінде белгіленген талап қою мерзімі өтпеген кезде салық берешегін өтеу есебіне есепке жатқызу жүргізіледі.

Аталған есепке жатқызу жүргізілгеннен кейін артық төленген салықтың, төлемақылардың, өсімақылардың қалған сомалары салық төлеушінің салықтық өтініші бойынша банктік шотына аударылуға жатады.

248. Салық төлеуші тіркеу деректеріне өзгерістер енгізілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде артық төленген салықтың, төлемақылардың, өсімақылардың сомаларын есепке жатқызу және қайтару жүргізуге салықтық өтініш бермен жағдайда салық төлеушінің дербес шоттарының жабылуы және осы тараумен белгіленген тәртіpte берілуі тиіс.

249. Артық төленген салықтың, төлемақылардың, өсімақылардың сомаларын есепке жатқызу және қайтару жүргізілгеннен кейін салық төлеушінің дербес шоттарында тиісті бағандар бойынша қорытынды шығарылады.

250. Беретін мемлекеттік кіріс органының дербес шоттарында "Дербес шот жабылды, _____ дербес шоттар көшірмелері _____ (облысы, қаласы) _____ (ауданы, қаласы) бойынша мемлекеттік кіріс органына жіберілді" жазбасы жүргізіледі.

251. Алып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 09.12.2015 № 634 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

252. Дербес шоттар сальдосы электрондық түрде беріледі.

Ескерту. 252-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 09.12.2015 № 634 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

253. Салық төлеушінің (салық агентінің) дербес шоты берілгеннен кейін он жұмыс күні ішінде салық төлеушінің (салық агентінің) барлық құжаттары оның жаңа орналасқан жері бойынша мемлекеттік кіріс органына берілуі тиіс.

254. Құжаттарды алу кезінде салық төлеушінің жаңа орналасқан орны бойынша мемлекеттік кіріс органы көрсетілген құжаттарды алу туралы беретін мемлекеттік кіріс органы н оларды алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде хабарлауға міндетті.

255. Салық төлеушінің (салық агентінің) қызметті жүзеге асыру орны, жаңа орналасқан орны бойынша мемлекеттік кіріс органы дербес шоттарды жүргізуіндегі бұрынғы орны бойынша мемлекеттік кіріс органынан алынған кіретін "сальдоны" ескере отырып жаңа дербес шоттарды ашады.

256. Мемлекеттік кіріс органы Салық кодексімен белгіленген тәртіpte салық міндеттемелері бойынша салық берешегі болған кезде салық төлеушінің жаңа орналасқан жері, қызметті жүзеге асыру орны (салық агентінің) бойынша инкассалық өкім шығарады және бұрынғы орны бойынша мемлекеттік кіріс органына инкассалық өкім шығарылғаны туралы хабарлайды.

Салық төлеушінің бұрынғы орналасқан жері бойынша мемлекеттік кіріс органы хабарландыруды алған кезде бұрын шығарылған инкассалық өкімді кері қайтарады.

21-бап. Таратылатын заңды тұлғаның немесе жеке кәсіпкердің салық міндеттемелерінің орындалуын есепке алу

257. Салық тексеруін жүзеге асыратын лауазымды тұлға, сондай-ағ міндеттемелердің орындалуына бақылау бойынша лауазымды тұлға есеп жүргізуге жауапты лауазымды тұлғаға таратылатын заңды тұлғалардың, жеке кәсіпкерлердің тізімін береді.

Таратылатын заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелері болған кезде атауы, БСН/ЖСН), орналасқан орны көрсетіле отырып, олардың тізбесі беріледі.

258. Таратылатын заңды тұлғаның, жеке кәсіпкердің талабы бойынша бюджет кірістері жіктемесінің барлық кодтары бойынша екі данада салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша салыстыра тексеру актісі жасалады.

Құрылымдық бөлімшесі бар заңды тұлғаны тарату кезінде осы және басқа мемлекеттік кіріс органдарында тіркеу есебінде бар заңды тұлға мен оның құрылымдық бөлімшелері бойынша салыстыра тексеру актісі жасалады.

259. Таратылатын заңды тұлғада құрылымдық бөлімшелер болған жағдайда бюджеттің кірістерін жіктеу кодтары және барлық құрылымдық бөлімшелер

бойынша үш данада салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер бойынша салыстыра тексеру актісі жасалады.

260. Салыстыра тексеру актісінің бір данасы заңды тұлғаға тапсырылады, екінші данасы мемлекеттік кіріс органында қалдырылады.

261. Тарату кезеңінде салық міндettемелері туындаған жағдайда оларды орындау Салық Кодексінде белгіленген мерзімде және тәртіпте олардың туындауына қарай жүргізіледі.

262. Егер таратылатын заңды тұлғаның немесе жеке кәсіпкердің бюджетке артық төленген салықтардың, төлемақылар және өсімақылар сомасы болса, онда көрсетілген сома осы Ереженің 175-182-тармақтарында белгіленген тәртіпте таратылатын заңды тұлғаның немесе жеке кәсіпкердің салық берешегін өтей есебіне есепке жтқызуға жатады.

263. Таратылатын заңды тұлғада немесе жеке кәсіпкерде салық берешегі болмаған жағдайда бюджетке артық төленген салық, басқа да міндettі төлемдердің және өсімпұлдардың сомалары салық тексеруі немесе Салық кодексінің 43-бабы 7-тармағына сәйкес жүргізілген камералдық бақылауы жүргізілгеннен кейін осы заңды тұлғаға немесе жеке кәсіпкерге қайтаруга жатады.

Артық төленген салық, басқа да міндettі төлемдер мен өсімпұлдар сомасын қайтаруға өтініш болмаған кезде салық тексеруін жүзеге асыратын лауазымды тұлға заңды тұлғаның немесе жеке кәсіпкердің дербес шотында есептеуге жататын артық төлеу сомасы, ал салық берешегі сомасын заңды тұлғаны салық төлеушілердің мемлекеттік дерекқорларынан және жеке тұлғаны жеке кәсіпкер ретінде тіркеу есебінен алып тастағаннан кейін азайтуға жататын артық төлеу көрсетілетін Есептеу тізілімін жасайды.

Дербес шоттарда көрсетілген операциялар жүргізілгеннен кейін дербес шотты жабу жүргізіледі.

Ескерту. 263-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

264. Салық кодексінің 38-бабы 6-тармағында көрсетілген құжаттарды алғаннан кейін құрылымдық бөлімшениң тіркеу есебінің орны бойынша мемлекеттік кіріс органы қызметін тоқтатқан құрылымдық бөлімшениң дербес шоттарын электронды тәсілмен заңды тұлғаның тіркеу есебінің орны бойынша мемлекеттік кіріс органына береді.

265. Құжаттарды беруді жүзеге асыратын мемлекеттік кіріс органының дербес шоттарында дербес шоттың тиісті бағандарында қорытынды жасалғаннан кейін дербес шоттың "Операцияның мазмұны және соның негізінде жазба жүргізілетін құжат" 2-бағанында мынадай мазмұндағы жазба жүргізіледі: "Дербес шоттардың көшірмелері _____ (ауданы, қаласы, облысы)

бойынша мемлекеттік кіріс органына берілді", күні, есеп жүргізуге жауапты лауазымды тұлғалардың қолдары, мемлекеттік кіріс органының мөрі.

266. Мемлекеттік кіріс органы алынған құжаттардың негізінде занды тұлғаның дербес шотына таратылған құрылымдық бөлімшениң "сальдосын" енгізеді.

Таратылған занды тұлғаның немесе жеке кәсіпкердің дербес шоттарында "Дербес шот жабық" жазбасы жүргізіледі.

22-бап. Банкрот деп танылған занды тұлғалардың, жеке кәсіпкерлердің және оналту, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген негіздер бойынша тарату рәсімін өтетін занды тұлғалардың, жеке кәсіпкерлердің салық міндеттемелерін орындаудың есепке алу

267. Міндеттемелердің орындалуына бақылау бойынша лауазымды тұлға есеп жүргізуге жауапты лауазымды тұлғаға оларға сот шешімдерімен деректемелерін көрсете отырып (атауы, БСН/ЖСН), орналасқан орны, банк шоттарының деректемелері, сот шешімінің күні мен нөмірі), банкроттық, оналту, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 49-бабында көзделген негіздер бойынша тарату рәсімі қолданылған жеке кәсіпкерлердің, занды тұлғалар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің тізбесін береді.

268. Занды тұлға немесе жеке кәсіпкер туралы мәліметке "банкрот деп жарияланды", "оналту рәсімін өтуде", "тарату рәсімін өтуде" белгісі енгізіледі.

269. Салық міндеттемелері тарату кезеңінде туындаған жағдайда орындау Салық кодексінде белгіленген мерзімде және тәртіpte олардың туындауына қарай жүргізіледі.

270. Занды тұлғаны салық төлеушілердің мемлекеттік дерекқорынан алып тастағаннан және жеке кәсіпкерді тіркеу есебінен шығарғаннан кейін міндеттемелердің орындалуына бақылау бойынша лауазымды тұлға барлық қажетті құжаттар негізінде Есептеу тізілімін, сондай-ақ салық тексерулерінің нәтижелері мен әкімшілік жазаларды қолдану туралы қаулылар бойынша салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, міндетті зейнетақы жарналарының, әлеуметтік аударымдардың, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдардың және (немесе) жарналардың, өсімпұлдар мен айыппұлдардың сомаларын Есептеуге тізілім (осы тараудың мақсатында бұдан әрі - Тізілім) толтырады, онда салық және басқа да міндетті төлемдердің, міндетті зейнетақы жарналарының, әлеуметтік аударымдар мен өсімпұлдарды, сондай-ақ салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, міндетті зейнетақы жарналарының, әлеуметтік аударымдардың, міндетті

әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдардың және (немесе) журналардың, өсімпүлдар мен айыппүлдардың есептен шығарылған сомалары, ал артық төлеуге есептелген сомалары – есептеуге көрсетіледі.

Дербес шотта құжаттың деректері көрсетіледі (құжаттың күні, нөмірі мен атауы), оның негізінде Тізілім толтырылады.

Дербес шотта көрсетілген операцияларды жүргізгеннен кейін күнін, есеп жүргізуге жауапты лауазымды тұлғаның тегін, атын, әкесінің атын (бар болған кезде) көрсете отырып дербес шотты жабуды жүргізеді.

Ескерту. 270-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (кунтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

23-бап. Сот хабарсыз кеткен деп таныған жеке тұлғаның салық міндеттемелерін есепке алу

271. Соттың жеке тұлғаны хабарсыз кеткен деп тануы туралы шешім шыққанға дейін мемлекеттік кіріс органы сот органдарының сұрау салулары бойынша берешегінің жоқ (бар) екендігі туралы құжатты береді.

272. Хабарсыз кеткен жеке тұлғаның берешегінің жоқ (бар) екендігі туралы құжатты есеп жүргізуге жауапты лауазымды тұлға жасайды.

273. Жеке тұлғаны соттың хабарсыз кетті деп тануы туралы шешім қабылданған күннен бастап келесі күннен кешіктірілмейтін мерзімде есеп жүргізуге жауапты лауазымды тұлғаға соттың жеке тұлғаны хабарсыз кетті деп танығаны туралы мәлімет беріледі:

- 1) жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты;
- 2) СТН (ЖСН (болған жағдайда));
- 3) сот шешімінің күні мен нөмірі;
- 4) хабарсыз кетті деп танылған жеке тұлғаның мүлкіне қамқор ету бойынша міндеттеме жүктелген және хабарсыз кеткен жеке тұлғаның салық міндеттемесін орындауға міндетті тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты;
- 5) хабарсыз кеткен деп танылған жеке тұлғаның мүлкі жетпеген кезде есептен шығаруға жататын салықтар, төлемақылар мен сома.

274. Салық берешегі болған жағдайда есеп айырысулар сальdosы хабарсыз кетті деп танылған жеке тұлғаның мүлкіне қамқор ету бойынша міндеттеме жүктелген және хабарсыз кеткен жеке тұлғаның салық міндеттемесін орындауға міндетті тұлғаға ашылған дербес шотқа көшіріледі.

Көрсетілген операцияларды жүргізгеннен кейін хабарсыз кеткен жеке тұлғаның дербес шоты жабылады.

275. Мемлекеттік кіріс органды Салық кодексінде белгіленген тәртіппен хабарсыз кеткен деп танылған жеке тұлғаның салық берешегін өтеу үшін шаралар қабылдайды.

276. Хабарсыз кеткен деп танылған жеке тұлғаның мұлкі салық берешегін өтеу үшін жетпеген кезде есеп жүргізуге жауапты лауазымды тұлға хабарсыз кеткен деп танылған жеке тұлғаның дербес шотында мұліктің жетпейтіндігі туралы сот шешімі шыққан күннен бастап салық берешегін оны өтеу үшін жетпейтін сома шегінде сот шешіміне сәйкес есептен шығарады.

Хабарсыз кеткен жеке тұлғаның салық берешегін есептен шығару дербес шотының "Азайтылды" бағанында көрсетілген сомасын өткізу жолымен жүргізіледі, "Операциялардың мазмұны" бағанында сот шешімінің нөмірі мен күні көрсетіледі.

277. Мемлекеттік кіріс органдының бұрын есептен шығарылған салық берешегінің іс-әрекеті хабарсыз кеткен жеке тұлғаны тану туралы сот шешімін жою кезінде салық берешегінің осы сомасын дербес шотының "Есептелді" бағанына жазба жүргізу жолымен салық міндеттемесі жөніндегі қуыным мерзімінің белгіленген мерзіміне қарамастан сот тәртібінде жаңғыртылады.

24-бап. Қайтыс болған жеке тұлғаның салық берешегі мен артық төлеулерін есепке алу

278. Жеке тұлғаның қайтыс болуы туралы міндеттемелердің орындалуына бақылау бойынша лауазымды тұлғадан ақпаратты алғаннан кейін есеп жүргізуге жауапты лауазымды тұлға міндеттемелердің орындалуына бақылау бойынша лауазымды тұлғаға қайтыс болу күніне немесе оны қайтыс болды деп жариялаған күнге салық міндеттемелерінің орындалуы жөніндегі бюджетпен есеп айырысулатының жағдайы туралы қайтыс болған жеке тұлғаның дербес шотынан көшірме жазбаны беруі тиіс.

279. Міндеттемелердің орындалуына бақылау бойынша лауазымды тұлға қайтыс болған жеке тұлғаның салық берешегін өтеу үшін шаралар қабылдайды және есеп жүргізуге жауапты лауазымды тұлғаға мұрагерлерді айқындау жөніндегі ақпаратты; салықтар және төлемдер бойынша міндеттемелерді мұрагерлердің орындауына берілген соманы береді.

280. есеп жүргізуге жауапты лауазымды тұлға қайтыс болған күнге немесе қайтыс болды деп жарияланған күнге қайтыс болған жеке тұлғаға дербес шот ашады және салықтар мен төлемақылар бойынша берешек немесе артық төлеу болған кезде қайтыс болу күніне қайтыс болған жеке тұлғаның есеп айырысулат сальdosына көшірілетін мұрагерлердің жана дербес шотын ашады.

281. Қайтыс болған күнге немесе қайтыс болды деп жарияланған күнге салықтар мен төлемақыларды төлеу жөніндегі қайтыс болған жеке тұлғаның салық міндеттемелері орындау мұрагерге (мұрагерлерге) жүктеледі.

282. Мұрагерге үш жұмыс күні ішінде орындалмаған салық міндеттемелерінің сомалары туралы хабарлама жібереді.

283. Мұрагер жоқ болған жағдайда оның қайтыс болу күніне қалыптасқан жеке тұлғаның салықтар мен төлемақылар бойынша берешегі Салық кодексінің 45-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес өтелді деп саналады.

Берешекті есептен шығару "Азайтылды" немесе дербес шоттың "Есептелді" бағанында дербес шоттың бағанында көрсетілген салық және төлемақы сомасын өткізу жолымен жүргізіледі.

Жеке тұлғаны қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімінің күші жойылған кезде бұрын мемлекеттік кіріс органы есептен шыгарған салық берешегі Салық кодексінің 46-бабында белгіленген талап қою мерзіміне қарамастан сот тәртібінде дербес шоттың осы берешек сомасы "Есептелді" бағанында жазба жүргізу арқылы қайта жаңғыртылады.

25-параграф. Міндетті зейнетақы жарналарын, әлеуметтік аударымдарды, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдарды және (немесе) жарналарды есепке алу

Ескерту. 25-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда - КР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйріғымен

284. Жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарын есепке алу "Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу (есебіне жазу) және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару қағидалары мен мерзімдерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1116 қаулысының негізінде жүргізіледі.

Әлеуметтік аударымдарды есепке алу "Әлеуметтік аударымдарды есептеу және аудару ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 маусымдағы № 683 қаулысының негізінде жүргізіледі.

285. Мемлекеттік кірістер органдары жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарының және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдардың, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдардың және (немесе) жарналардың толық және уақтылы аударылуына бақылауды жүзеге асырады.

Ескерту. 285-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

286. "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация) өткен күн үшін күн сайын уәкілетті органға қате аударылған міндettі зейнетақы жарналарының, әлеуметтік аударымдардың, міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдардың және (немесе) жарналардың келіп түскен, сондай-ақ қайтарылған тізілімдерін оған қоса оларға электрондық төлем тапсырмаларын табыс етеді.

Ескерту. 286-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

287. Уәкілетті орган Мемлекеттік корпорацияның табыс еткен электрондық төлем құжаттарының негізінде міндettі зейнетақы жарналарының, әлеуметтік аударымдардың, міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдардың және (немесе) жарналардың сомаларын ОБДШ АЖ-не қабылдайды.

Ескерту. 287-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

288. Электрондық төлем құжаттарын қабылдау нәтижелері бойынша деректер республика бойынша жалпы сомада қабылданған электрондық төлем құжаттарымен салыстырып тексеру жүргізіледі.

Ескерту. 288-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

289. Алып тасталды - ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

290. ОБДШ АЖ-де төлем құжатында көрсетілген, БСН/ЖСН негізінде орналасқан (тұрғылықты) орны бойынша міндettі зейнетақы жарналар, әлеуметтік аударымдар, міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар және (немесе) жарналар бойынша төлемдер таратылып жазылады.

Ескерту. 290-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

291. Алып тасталды - ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

292. Алып тасталды - ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

293. Міндettі зейнетақы жарналарын, әлеуметтік аударымдарды, міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдарды және (немесе) жарналарды есепке алуды дербес шоттарда Мемлекеттік корпорациядан келіп түскен және қайтарылған сомалар бойынша алынған төлем құжаттарының; салық төлеушілер тапсырған салық есептілігінің; есептелген (кемітілген) сомалар бойынша - салық тексерулері нәтижелерінің негізінде Мемлекеттік кірістер органдары жүргізеді.

Ескерту. 293-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

294. Алып тасталды - ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

295. Алып тасталды - ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

296. Міндетті зейнетақы журналарын, әлеуметтік аударымдарды, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдарды және (немесе) журналарды есептеу салық есептілігінде көрсетіледі. Бұл ретте салық төлеуші нысандардың "Мемлекеттік кірістер органының коды" торкөзін толтыруы тиіс.

Ескерту. 296-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

297. Міндетті зейнетақы журналарды, әлеуметтік аударымдарды, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдарды және (немесе) журналарды төлеу бойынша агенттердің дербес шоттары:

1) заңды тұлғаларға, олардың құрылымдық бөлімшелеріне - орналасқан орны бойынша;

2) жеке кәсіпкерлерге, жеке нотариустар мен адвокаттарға және жеке сот орындаушыларына - орналасқан (тұрғылықты) орны бойынша ашылады.

Ескерту. 297-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

298. Дербес шоттарды ашқан, жүргізген және жапқан кезде міндетті зейнетақы журналары, әлеуметтік аударымдардың, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдардың және (немесе) журналардың, есімпұлдар мен айыппұлдардың есептелген, қоса есептелген, аударылған және түсken сомаларының есебін жүргізген кезде осы тарауда көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып, осы Ережелердің 2 және 3-бөлімдерінде мазмұндалған тәртіп сақталады.

Ескерту. 298-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

299. Дербес шотта міндетті зейнетақы журналары мен әлеуметтік аударымдардың, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдардың және (немесе) журналардың келіп түсken және қате аударылғандар қайтарылған сомаларының есебі қате аударылған міндетті зейнетақы журналарының, әлеуметтік аударымдардың, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдардың және (немесе) журналардың келіп түсken, сондай-ақ қайтарылған тізілімдерін және электрондық төлем тапсырмаларын жүргізіледі.

Ескерту. 299-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

300. Міндettі зейнетақы жарналары бойынша берешектерді бұрынғы қызметкердің банктік шотына немесе карт-шотына аударған кезде зейнетақымен қамтамасыз ету туралы заңнамада белгіленген жағдайларда салық агенті өсімақы сомалары есепке алмағанда жоғарыда көрсетілген міндettі зейнетақы жарналарының сомасы ұсталған кезең үшін қосымша Жеке табыс салығы бойынша есеп береді.

Есепке бұрынғы қызметкерге акцепт жүргізілгені туралы банктің белгісімен бірге, міндettі зейнетақы жарналары мен өсімақы сомаларын аудару фактісін растайтын төлем құжатының көшірмесі қоса беріледі.

Бұрынғы қызметкерінің банктік шотына аударылған міндettі зейнетақы жарналары мен өсімақылар сомасына дербес шотта азайту жүргізіледі.

301. Дербес шоттарда операцияларды жазу тиісті бағандар бойынша құжаттардың негізінде жүргізіледі:

"Ағымдағы күнтізбелік күн" бағанында - операцияларды жазбасы күні көрсетіледі;

"Операция жазбасы (енгізу) күні" бағанында ағымдағы операция күні жазбасының күні көрсетіледі.

"Операцияның мазмұны" бағанында - міндettі зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдардың, міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдардың және (немесе) жарналардың, өсімпұлдардың есептелген, қоса есептелген, аударылған және түскен сомаларының есебін жүргізгенде операцияларды жазу күні көрсетіледі;

"Төлеу мерзімі" бағанында - міндettі зейнетақы жарналарды, әлеуметтік аударымдарды, міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдарды және (немесе) жарналарды төлеу бойынша агент тапсырған салық есептілігінің негізінде немесе салық тексеруін жүргізудің қорытындысы бойынша төлеу мерзімі заңға сәйкес төлеу мерзімі;

"Банк шотынан есептен шығару" бағанында - төлем құжатында көрсетілген күн;

"Есептеу күні" бағанында - міндettі зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар, міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдарды және (немесе) жарналар бойынша Мемлекеттік корпорациядан алынған тізілім күні көрсетіледі;

"Есептелді" бағанында - төлеушінің салық есептілігінің және (немесе) салық тексеруі нәтижелерінің негізінде міндettі зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдардың, міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдардың және (немесе) жарналардың есептелген және қоса есептелген сомасы;

"Кемітілді" бағанында - төлеушінің салық есептілігінің және (немесе) салық тексеруі нәтижесінің негізінде азайтылуға жататын сома;

"Төленді" бағанында - төлем құжаттары негізінде түсімдер сомалары;

"Қайтарылды" бағанында - 3-ҚР ЖЗҚ нысаны мен 4-ҚР ӘА нысаның және оларға төлем құжаттарының есебі негізінде қате аударылған сомаларды қайтарулар сомасы;

"Есеп айырысу сальдосы (Бересі) (-) немесе (Артық төлеу (+)" бағаны мынадай арифметикалық әрекет негізінде есептеледі:

"Есептік кезеңнің басына есеп айырысу сальдосы" бағаны алу "Есептелді" бағаны қосу "Азайтылды" бағаны қосу "Төленді" бағаны алу "Қайтарылды" бағаны;

"Өсімпұл сомасы" бағанында - табыстың нақты төленуі шартында агенттердің жинақтаушы зейнетақы қорларына және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына уақтылы аудармаған міндettі зейнетақы жарналарының, әлеуметтік аударымдардың, міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдардың және (немесе) жарналардың сомасына есептелген тұрақсыздық сомалары;

"Кезең ішінде" бағанында - өсімпұлдарды есептеу немесе азайту жүргізілген кезең;

"Өсімпұл төленді" бағанында міндettі зейнетақы жарналарының, әлеуметтік аударымдардың, міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдардың және (немесе) жарналардың түсімдері мен қайтарулары тізілімі және оларға төлем құжаттары негізінде өсімпұл сомалары;

"Өсімпұл сальдосы" есептелген және төленген өсімпұлдар арасындағы айырма;

"Қайтаруларды шегере отырып жыл басынан енгізілді" бағанында қате аударылған міндettі зейнетақы жарналарының, әлеуметтік аударымдардың, міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдардың және (немесе) жарналардың келіп түскен, сондай-ақ қайтарылған тізілімдерін және электрондық төлем тапсырмаларын сәйкес қайтарылған міндettі зейнетақы жарналарды, әлеуметтік аударымдарды, міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдарды және (немесе) жарналарды шегергендері түскен сомалар.

Ескерту. 301-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

302. Төлеушімен төлем құжаттарында төлемнің мақсатты коды қате, төлемнің мақсатына сәйкес келмейтін көрсетілген кезде, соның салдарынан негізгі төлем мен өсімақы сомаларына төлемдерді дұрыс емес бөлу болғанда, төлеушімен дербес шотты жүргізу орны бойынша мемлекеттік кіріс органына өтініш табыс етіледі. Табыс етілген өтініш негізінде төлеушімен салыстыру актісі жасалады, қате төленген сома расталған жағдайда дербес шотта тиісті қосымша

бухгалтерлік хаттаулар жүргізіледі. Төлеушінің дербес шотында аталған аударым өтініш мемлекеттік кіріс органына табыс етілген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмей жүзеге асырылады.

303. Төлем құжаттарын алған кезде мемлекеттік кірістер органы мынадай:

- 1) төлеушінің БСН/ЖСН дұрыс көрсетілмеуі;
- 2) салық төлеушілердің мемлекеттік дерекқорында жоқ агент бойынша төлем құжатын алуы;

3) салық төлеушілердің мемлекеттік дерекқорында тіркелген, бірақ орналасқан (тұрғылықты) жері бойынша бірде бір мемлекеттік кірістер органында тіркелмеген агент бойынша төлем құжатын алуы;

4) банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның:

электронды төлем құжатын дұрыс емес ресімделген;

деректемелердің ақша жіберуші төлем құжатында көрсеткен деректемелерге сәйкес келмеген;

міндettі зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдардың, міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдардың және (немесе) жарналардың сомаларын қайта берілген;

төлем құжаттары олардың тиесілілігі анықталғанға дейін агенттің дербес шотында көрсетілмеген кезде ақша аудару туралы қате нұсқауы себепті агентті анықтау мүмкін емес.

Жоғарыда аталған төлемдер анықталмаған деп есептеледі және барлық мемлекеттік кірістер органының қолы жететін және төлем құжатының атауы бойынша және басқа деректемелері бойынша міндettі зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдардың тиесілігін анықтау үшін шаралар қолдануды құнделікті талап ететін "Анықталмаған төлемдер" мәртебесіндегі ақпарат қалыптасады.

Барлық мемлекеттік кірістер органдарында кү сайын Мемлекеттік корпорациядан электронды төлем құжаттарын қабылдағаннан кейін міндettі тәртіпте жасалуы тиіс "анықталмаған төлемдер" базасын анықтау бойынша жұмыстар жүргізіледі.

Ескерту. 303-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

304. Мемлекеттік кірістер органы міндettі зейнетақы жарналарын, әлеуметтік аударымдарды, міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдарды және (немесе) жарналарды төлеу кезінде төлем тапсырмалары қате ресімделген жағдайда төлеушінің тіркеу деректері бойынша төлем құжатының тиесілігі анықтайды, мемлекеттік кірістер органы "Анықталмаған төлемдер" базасында агенттің БСН/ЖСН түзету жүргізеді. Агенттің түзетілген БСН/ЖСН салық

төлеушінің тіркеу деректерімен салыстырылады және алшақтықтар болмаған кезде міндетті зейнетақы жарналарының, әлеуметтік аударымдардың, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдардың және (немесе) жарналардың сомасы дербес шотта көрсетіледі. Бұл ретте "Анықталмаған төлемдер" базасында мынадай қосымша жазба жүргізіледі:

түзетілген БСН/ЖСН;

дербес шотқа енгізу күні;

міндетті зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар және (немесе) жарналар бойынша дербес шотына жазба жүргізген мемлекеттік кірістер органының атауы.

Ескерту. 304-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

305. Алып тасталсын - ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

306. Алып тасталсын - ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

307. Орналасқан (тұрғылықты) орны өзгерген кезде төлеушінің (агенттің) дербес шотын бір мемлекеттік кірістер органынан басқа мемлекеттік кірістер органына беру төлеушінің (агенттің) тапсырылған тіркеу есебінен шығару туралы өтініштің негізінде жүргізіледі.

Бұл ретте міндеттемелердің орындалуына бақылау бойынша лауазымды тұлға есеп жүргізуге жауапты лауазымды тұлғаға:

1) салық төлеушінің толық атауы;

2) БСН/ЖСН;

3) есептен шығару күні;

4) төлеуші көшіп баратын мемлекеттік кірістер органының атауы көрсетілетін тізім береді.

Егер төлеуші орналасқан орны бойынша жеке кәсіпкер ретінде бір мемлекеттік кірістер органында тіркелген, ал өзі басқа ауданда тұратын болса, онда міндетті зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар және (немесе) жарналар бойынша төлем құжаттары ол орналасқан (тұрғылықты) орны бойынша тіркелген мемлекеттік кірістер органына жіберіледі, бұл жағдайда өсімпұл төлеу күні ескеріле отырып, автоматты режимде қайта есептеледі.

Салық төлеуші табыс еткен тіркеу есебінен шығару туралы өтініш негізінде бұрынғы орналасқан (тұрғылықты) жері бойынша мемлекеттік кірістер органы өтініш берілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде ағымдағы жылдан бастап дербес шоттарды беру жүргізілетін есептен шығарылған күнге дейінгі кезең үшін міндетті зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар, міндетті әлеуметтік

медициналық сақтандыруға аударымдар және (немесе) жарналар бойынша Салыстырып тексеру актісін толтырады.

Егер бастап салық төлеуші тіркеу есебінен шығару туралы өтініш берілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде салыстыру актісін толтыру үшін мемлекеттік кірістер органына келмеген жағдайда дербес шоттарды бір мемлекеттік кірістер органынан басқа мемлекеттік кірістер органына беру салыстыру актісі жасалмай жүргізіледі.

Ескерту. 307-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

308. Алып тасталсын - ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

309. Қате БСН/ЖСН бар міндettі зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдары, міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар және (немесе) жарналар бойынша мемлекеттік кіrістер органдары:

1) төлем құжатының деректерінен жіберушінің атауы, төлемнің мәтіндік белгіленуі және басқа белгілері бойынша агентті анықтау;

2) міндettі зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдардың тиесілігін анықтаған жағдайда аталған сомаларды агенттердің дербес шоттарына таратып жазуы қажет.

Ескерту. 309-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

310. Зейнетақы жарналарының қате есептелген сомасын қайтару зейнетақы заңнамасымен белгіленген тәртіpte жинақтаушы зейнетақы қорлары жүргізеді.

Ескерту. 310-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

311. Міндettі зейнетақы жарналарын уақтылы төлемегені үшін дербес шоттарда бұрын өсімпұл есептелген қате аударылған міндettі зейнетақы жарналарының, әлеуметтік аударымдар, міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдардың және (немесе) жарналардың келіп түсken, сондай-ақ қайтарылған тізілімдерін және электрондық төлем тапсырмаларын қосымша (нақтыланған) және оған өткен кезең үшін төлем құжаттарын уәкілетті органнан мемлекеттік кіrістер органы алған жағдайда салық төлеушінің дербес шотындағы көрсетілген өсімпұл сомасы түзетіледі. Дербес шоттағы осы операция есебін алу күніне жүргізіледі, ал "Төлемдерді есептеу күні" бағанында міндettі зейнетақы қорларына міндettі зейнетақы жарналарын және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды, міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдардың және (немесе) жарналардың есептеу күні көрсетіледі.

Ескерту. 311-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

312. Анықталмаған міндettі зейнетақы жарналардың, әлеуметтік аударымдардың, міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдардың және (немесе) жарналардың кімге тиесілі екендігі, сондай-ақ қате БСН/ЖСН бар төлем тапсырмасы анықталған жағдайда салық төлеушінің дербес шоттарында бұрын есептелген өсімпұл түзетіледі, бірақ міндettі зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар, міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар және (немесе) жарналар Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына уақтылы төленген жағдайда.

Ескерту. 312-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

26-бап. Дербес шоттарда қорытындыны шығару

313. Ай, тоқсан, жылдың аяқталуы бойынша дербес шотта ақша есептелген, қоса есептелген, кемітілген, төленген, қайтарылған салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер, өсімақылар және айыппұлдар сомасы бойынша қорытынды шығарылады.

314. Операцияның жазбасының әрбір күніне салық, бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдердің, міндettі зейнетақылық жарналардың, әлеуметтік аударымдардың, міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдардың және (немесе) жарналардың сомалары; өсімпұл сомасы; айыппұл сомасы бойынша "бересі (-), артық төлеу (+) есеп айырысуының сальдосы" анықталады.

Ескерту. 314-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

315. "Бересі (-), Артық төлеу (+) есеп айырысуының сальдосы", "Өсімақы сальдосы", "Айыппұл сальдосы" бағаналары бойынша қорытындыны шығару кезінде қорытынды соманы есептеу жүргізілмейді, ал қорытынды қатарда соңғы операцияны жазу кезінде енгізілген бересі (-) немесе артық төлеу (+) сомасы жазылады.

316. Дербес шоттардағы қорытынды шығарғаннан кейін айдың соңына, тоқсанның соңына, жылдың соңына сәйкес есеп сальдосының дұрыс есептелуін тексеру мынадай тәртіpte:

"Бересі (-), Артық төлеу (+) есепті кезең басындағы сальдосы" минус "Айға (жылға) есептелді" плюс "Айға (жылға) кемітілді" плюс "Айға (жылға) төленді" минус "Айға (жылға) қайтарылды" деп жүргізіледі.

317. БСН/ЖСН бойынша бюджеттің кірістерін әр жіктеу коды бойынша салық және басқа да міндettі төлемдер сомасының дербес шоттардан іріктеме,

дербес шоттың барлық бағандары бойынша: ақпарат күнге, өспелі қорытындымен айға, тоқсанға және жыл басынан жүргізіледі.

27-бап. Дербес шоттарды тексеру

318. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдердің, міндettі зейнетақылық жарналардың, әлеуметтік аударымдардың, міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдардың және(немесе) жарналардың есебін жүргізу тәртібінің сақталуына бақылау мақсатында есеп жүргізуге жауапты лауазымды тұлға дербес шоттардағы операциялардың дұрыс көрсетілуіне бақылау тоқсанына бір реттен көп жүргізбейді.

Ескерту. 318-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (қүнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

319. Дербес шоттарды тексеру кезінде:

1) осы Ережелерге 13-қосымшаға сәйкес Есептеу тізілімі негізінде есептелген немесе азайтылған салықтар мен төлемақылар сомасын төлеу мерзімдері бойынша дербес шоттардағы жазбаның уақтылығын, дұрыстырын, толықтырын;

2) бюджетті орындау бойынша уәкілетті органның бастапқы төлем құжаттары мен құжаттарының негізінде дербес шоттарға түскең, қайтарылған салық және басқа да міндettі төлемдер сомасы жазбасының уақтылылығын, дұрыстырын, толықтылығын;

3) салық төлеушінің (салық агентінің) бюджетпенен (бересі немесе артық төлеу) есеп айырысуының сальdosын шығарылуының дұрыстыры;

4) салық есептілігіне толықтырулар мен өзгертулер енгізу нәтижесінде салықтар мен төлемақылар бойынша бұрын ұсынылған декларациялармен және есептермен салыстыру бойынша айырмашылықтардың дербес шоттарда дұрыс көрсетілуін;

5) дербес шоттардың барлық бағандары бойынша дұрыс қорытынды шығаруға;

6) өсімпұл есептелуінің дұрыстыры;

7) салық және төлемақыларды төлеу мерзімдерінің дұрыс көрсетілуі;

8) салық және төлемақыларды банк шотынан шығарылуы мен бюджетке есепке алыну күнінің дұрыс көрсетілуін тексеру қажет.

Дербес шоттарды қоса барлығы тексеруге жатады.

Ескерту. 319-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (қүнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

320. Есеп жүргізуға жауапты лауазымды тұлға дербес шоттарда көрсетілген жыл басынан бюджетке түскең салық және төлемдер сомасын № 25 нысандары салық және төлемдердің түсімі мен қайтарылуының Тізілімі және есеп күніндегі

бюджеттің кірістерін жіктеуінің сәйкес кодтары бойынша бюджетті орындау бойынша уәкілетті органның деректерімен сәйкестігін тексеруі қажет.

321. Бұл үшін бюджеттің кірісін жіктеудің сәйкес кодтары бойынша "жыл басынан қайтаруды шегерістен барлық түскені" бағанасы бойынша дербес шоттардың қорытынды деректерінен салық және төлемдер сомасының қорытынды есебі жүргізіледі. Есептелген қорытынды бақылау күніндегі "жыл басынан қайтаруды шегерістен барлық түскені" бағанасының № 25 нысандағы салық және төлемдердің түсімі мен қайтарылуының Тізілімі бойынша сомасымен салыстырылып тексеріледі.

322. Төлем кірістері бойынша қорытынды жазбалардың дұрыстығын тексеру осы Ережеге 41-қосымшаға сәйкес бойынша кірістің бюджеттік жіктелуінің сәйкес коды бойынша салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер түсімі сомасын салыстыру жолымен жүргізіледі.

323. Есеп күніндегі дербес шоттардың қорытынды сомасы және салық және басқаларының қайтарылуы мен түсімдері тізілімінің деректерінде алшақтықтар болған жағдайда есеп жүргізуге жауапты лауазымды тұлға бұл алшақтықтардың себебін бастапқы төлем құжаттарын тексеру арқылы белгілеуге және сәйкес түзетулер енгізуге міндетті.

324. Дербес шоттарды тексеруден кейін дербес шоттарда "Тексерілді, күні, қолтаңба" жазбасы жасалады.

325. Жарты жылдықта бір рет есеп жүргізуге жауапты лауазымды тұлға ақша есептеу, кеміту туралы салық есептілігінің деректерінен дербес шоттардағы жазбалардың уақтылығына, толықтығы мен дұрыстығына, сондай-ақ бюджетке түсімдер, есепке жатқызу, қайтару туралы банк құжаттарына ірікеп тексеруді жүргізеді.

326. Салық төлеушінің (салық агентінің) талабы бойынша салық және басқа да міндетті төлемдер бойынша бюджетпен есеп айырысуларға салыстырып тексеру жүргізіледі. Салыстырып тексерудің нәтижелері бойынша салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, міндетті зейнетақы журналары, әлеуметтік аударымдар, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар және (немесе) журналар бойынша есеп айырысудың Салыстырып тексеру актісі жасалады.

Ескеरту. 326-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

327. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, міндетті зейнетақы журналары, әлеуметтік аударымдар, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар және (немесе) журналар бойынша есеп айырысудың Салыстырып тексеру актісіндегі есеп айырысу жағдайының нәтижелері үйлеспеген жағдайда мемлекеттік кірістер органы мен салық төлеушінің

деректері арасындағы есеп айырысу сальдосы бойынша алшақтықтар себебін көрсету қажет. Үш жұмыс күні ішінде мемлекеттік кірістер органы мен салық төлеушінің деректері арасындағы алшақтықтар жойылады.

Ескерту. 327-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

328. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер, міндettі зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар, міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдардың және (немесе) жарналардың бойынша есеп айырысады Салыстырып тексеру актісі екі данада жасалады, бір жағынан есеп жүргізуге жаупты лауазымды тұлға, екінші жақтан салық төлеуші қол қояды.

Ескерту. 328-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

329. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер, міндettі зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар, міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар және (немесе) жарналар бойынша есеп айырысады Салыстырып тексеру актісінің бір данасы салық төлеушіге (салық агентіне) беріледі, екінші данасы мемлекеттік кірістер органында қалдырылады.

Ескерту. 329-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

28-бап. Қаржы жылының аяқталуы бойынша дербес шоттардың жабылуы

330. Қаржы жылының аяқталуымен дербес шоттарда барлық операциялардың жазбасынан кейін желтоқсанның соңғы күнінде:

салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдердің, міндettі зейнетақы жарналарының, әлеуметтік аударымдардың, міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдардың және (немесе) жарналардың, есімпұл және айыппұлдардың есептелген, қоса есептелген, кемітілген, төленген, есепке алынған және қайтарылған сомалары;

салықты төлеу бойынша салық міндettемелерін орындаудың өзгерілген мерзімімен салық сомасының жыл қорытындысы жасалады.

Ескерту. 330-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

331. "Есеп айырысу сальдосы" бағаны бойынша жыл қорытындысын шығару кезінде қорытынды сомасының есебі жүргізілмейді, ал қорытынды қатарда желтоқсанға 31-күнін қоса соңғы операциялардың жазбалары кезіндегі бересі мен артық төлеу сомасы (егер осындайлар орын алса) жазылады.

332. Қаржы жылының сонына және дербес шоттардың жабылуы бойынша қорытынды деректер шығарылғаннан кейін салық және бюджетке төленетін

басқа да міндетті төлемдердің, міндетті зейнетакы жарналарының, әлеуметтік аударымдардың, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдардың және (немесе) жарналардың, өсімпүл мен айыппұлдар бойынша есеп айырысу сальдосы (бересі немесе артық төлеу) келесі жылға дербес шоттарға ауыстырылады.

Қаржы жылының ақталуы бойынша дербес шот жабылады.

Ескерту. 332-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

333. Дербес шоттар бойынша есептер сальдосы (берешек немесе артық төлеу) бар болған жағдайда сальдо жаңа қаржы жылына ашылған дербес шотқа көшіріледі.

334. Қаржы жылы ақталуы бойынша дербес шоттар жабылғаннан кейін кез-келген операциялардың жазбасы дербес шоттарда жүргізілмейді.

29-бап. Салық және басқа да міндетті төлемдер түсімі мен қайтарылуының тізілімін жүргізу

335. Бюджетке түсетін және бюджеттен есепке алынған, қайтарылған салық және басқа да міндетті төлемдердің жиынтық есебі үшін мемлекеттік кіріс органдары № 25 нысанының Түсімдер мен қайтарылулар тізілімін жүргізеді.

336. Түсімдер мен қайтарылулар тізілімі бюджет кірістерінің жіктеуіші кодтары бойынша жүргізіледі.

337. Түсімдер мен қайтарылулар тізіліміндегі жазбалар күн сайын күннің жалпы қорытындыларымен осы күні нақты есептелген және қайтарылған сомалар туралы бюджетті орындау бойынша уәкілдегі органның құжаттары негізінде жүргізіледі.

338. Түсімдер мен қайтарылулар тізілімінің деректері негізінде салық төлеушінің дербес шоттары бойынша түсімдер туралы деректермен бюджетке түсінген салық және төлемдердің сомасын салыстырып тексеру жүргізіледі.

30-бап. Есептеулердің және түсімдердің жиынтық қорытынды есебі кітабының жүргізілуі

339. Жеке тұлғалардан жер салығы, жеке тұлғалардан мұлік салығы бойынша есептеулер, кемітулер, түсімдер, шегерімдер және қайтарулардың жиынтық қорытындысы есебі жергілікті атқарушы органдар, жекелеген телім бойынша № 26 нысандағы (бұдан әрі - № 26 н. кітап) есептеулер, кемітулер және түсімдердің жиынтық қорытынды есебінің кітабында жүргізіледі.

340. № 26 н. кітапта есептеулер, кемітулер, түсімдер, есепке алулар және қайтарылымдардың күндізгі қорытындысы әрбір төлем бойынша бөлек

жазылады. Тұсімдер бойынша қорытынды деректер осы қүнге телім бойынша жергілікті атқарушы органдар мен бөлімнің жауапты қызметкерлерімен ұсынылған есептіліктің қорытынды сомаларына сәйкес келуі керек.

Салықтың әрбір түріне № 26 н. жеке кітап ашылады.

31-бап. Жеке тұлғалардан салық жинау және олардың бюджетке тұсімдері бойынша жергілікті атқарушы органдардың жұмыстарын бақылау

341. "Мемлекеттік кіріс органдары банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктер мен ұйымдар арқылы бюджет кірісіне салықтарды қабылдау мен қабылданған сомаларды беру бойынша жергілікті атқарушы органдардың жұмысына бақылауды жүргізеді.

342. Жергілікті атқарушы органдар салық төлеушілер занды тұлғалардың № 1 ЖТ нысанының түбіртегі бойынша төленетін мүлік, көлік құралдары және жер салығын жинауды жүзеге асыра алады.

№ 1 ЖТ нысанындағы түбіртек қатаң есептілік құжаты болып табылады және уәкілетті мемлекеттік орган бекітеді.

343. Бақылау:

1) салық төлеушілерден жергілікті атқарушы органдар қабылдаған салықтар сомаларынан түскен бюджет кірістерінің ФЛ 1-нысанының түбіртектері бойынша), сондай-ақ бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті органнын алынған төлем құжаттарына сәйкес салықтардың тапсырылған сомаларының сыныптама кодтарына сәйкестігін тексеру;

2) қатаң есептілік бланктерін жеткізу, сактау, есепке алу және беру ережелеріне сәйкес жергілікті атқарушы органдардың ЖТ 1-нысанының түбіртектерінің көшірмелерін және есептерін салыстыру.

344. Жекелеген банктік операцияларды, түбіртектерді сактауды жүзеге асыратын банктер мен ұйымдар арқылы бюджет кірісіне қабылданған салық сомаларын беру, салықты қабылдау бойынша жұмыс жағдайын тексеру материалдарын мемлекеттік кіріс органдары жергілікті атқарушы органдардың кассаларына мерзімдік тексеруді өткізу кезінде қолданады.

345. Жергілікті атқарушы органдардың кассаларына мерзімдік тексеру жылына бір реттен кем емес өткізіледі.

346. Жергілікті атқарушы органдардың кассасына әрбір кезекті тексеруді өткізу кезінде тексеруді өткізуши мемлекеттік кіріс органының қызметкери тексерудің нәтижелері туралы анықтамада мынадай мәселелерді:

1) өткен тексерулар өткізу барысында анықталған бұзушылықтар, кемшіліктер мен ескертулерді жою және оларды жою бойынша қабылданған шаралар;

2) салықтың төленгені фактін растайтын түбіртекті жеке тұлғаға беру, сақтау, есептеу тәртібі және түбіртектерді дұрыс толтырылуы;

3) жекелеген банк операцияларын жүргізетін банктер мен ұйымдарға салық сомасын толық және уақтылы берілуі, ал елді мекенде банк болмаған жағдайда олардың жергілікті бюджетке беру мерзімінің сақталуы;

4) түбіртекті қолдану туралы есептіліктің, сондай-ақ банкке (жергілікті бюджетке) салық сомасының енгізілу есептілігінің дәлдігі және уақтылы ұсынылуы.

347. Тексерулер аралығы кезеңінде № 1 ЖТ түбіртектері жоғалған (жетпеушілік) немесе ұрланған жағдайда түбіртектің жоғалғаны (жетпеушілігі) немесе ұрланғаны туралы факт қашан және қайда анықталғаны көрсетілген акт жасалады. Актінің жергілікті атқарушы органдың жауапты қызметкері жасайды және оның жетекшісі растайды. Актінің бір данасы сол құні-ақ ілеспен хатпен бірге аумақтық мемлекеттік кіріс органына жіберіледі.

348. № 1 ЖТ нысандағы түбіртектер бойынша қабылданған салық сомасы бюджетке аударылған салық сомасына сәйкес келмеген жағдайда, сондай-ақ қабылданған салық сомасы бюджетке толық емес аударылғанда жергілікті атқарушы органдар кассаларын тексеру материалдары Қазақстан Республикасының заннамасымен белгіленген тәртіpte құқық қорғау органдарына беріледі.

3. Дербес шоттардағы өсімақы есептеу тәртібі және айыппұлдарды есептеу тәртібі

32-бап. Дербес шоттардағы өсімақы есептеу тәртібі

349. Дербес шоттардағы өсімақы салық міндеттерін белгіленген мерзімдерде атқармағаны үшін есептеледі.

350. Салық кодексінің 610-бабы 3-тармағына сәйкес өсімпұл салық міндетін атқарудың әрбір кешіктірілген күні үшін салықты және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу мерзімі күнінен кейін және төлеу күнін қоса Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландырудың 2,5 есе ресми ставкасы мөлшерінде есептеледі.

Міндетті зейнетақы жарналарын жинақтаушы зейнетақы қорларына, әлеуметтік аударымдарды, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдардың және (немесе) жарналардың уақтылы аудармағаны үшін өсімпұл әрбір кешіктірілген күнге міндетті зейнетақы жарналарын, төлеу күні мерзімінен бастап, әлеуметтік аударымдарды, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдарды және (немесе) жарналарды төлеу күнін қоса

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландырудың 2,5 есе ресми ставкасы мөлшерінде әрбір мерзімі өткен күнге есептеледі.

Ескерту. 350-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

351. Дербес шоттарда өсімақы есептеу:

- 1) мерзімі өткен бересі қалдығын өзгертетін әрбір есеп операцияларынан кейін;
- 2) әрбір айдың соңында төлеу мерзімі аяқталған күннен кейінгі уақыттан бастап немесе соңғы өсімақы есептеу күнінен бастап;
- 3) салыстырып тексеру актілерін беру кезінде жүргізіледі.

352. Есептелген өсімақы сомасы дербес шоттың "Өсімақы сомасы" бағанасында көрсетіледі, ал "Кезең үшін" бағанасында уақыттың қай кезеңіне өсімақы есептелгені көрсетіледі.

Дербес шоттың "Өсімақы төленді (қайтарылды)" бағанасында негізгі төлем төлеуге төленген немесе қайтарылған (есептелген) өсімақы сомасы көрсетіледі.

Негізгі төлем төлеуіне бұрын аударылған немесе есептелген өсімақы сомасының кемуі "Өсімақы сомасы" бағанасында "-" белгісімен көрсетіледі.

"Өсімақы сальdosы" бағанасында өсімақы сомасының төленбеген қалдығы көрсетіледі.

353. Осы Ереженің мақсатында салық төлеушінің дербес шотында 0,50 теңgeden кем мөлшерде жинақталған өсімақы сомасы өсімақы бойынша берешек болып саналмайды.

354. Салық Кодексінің 47-бабының сәйкес салық төлеу бойынша салық міндептерін атқару мерзімінің өзгертілуі салық төлеушіні бюджетке салықты уақтылы төлемегені үшін өсімақыны төлеуден босатпайды, осыған байланысты дербес шотта өсімақыны есептеу үшін салықты төлеу мерзімі Салық Кодексінде белгіленген жағдайларды қоспағанда, бұрынғысынша қалады.

355. Салық Кодексіне сәйкес импортталатын тауарлар су, газ, электроЭнергия болса және өндірістік өндеуге арналған имортталатын тауарлардың құнының салық төлеу мерзімінің өзгертілуі кеден органының кеден жүк декларациясын қабылдаған күннен бастап үш айдан аспайтын мерзімге өсімақы есептелмей жүргізіледі. Өтелмеген қарыз сомасына өсімақы көрсетілген үш айлық кезең өткеннен кейінгі бірінші күннен бастап есептеледі.

356. Салық Кодексінің 610-бабының 4-тармағына сәйкес өсімақы банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктер мен ұйымдарға салық сомалары мен басқа да міндепті төлемдер, айыппұлдарды банк шотынан шығару кезегін сақтамағаны үшін, сондай-ақ салықтар менбасқа да міндепті төлемдер сомасын салық төлеушінің банк шотынан шығарылған аударуын кідірткені үшін, аударылған банк сыйақыларымен бірге шартты банк салымында

орналасқан табыс салығының ұсталған сомасын уақтылы аудармағаны үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетіне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландырудың 2,5 есе мөлшердегі ресми ставкасы әрбір кешіктірілген күнге есептеледі.

357. Дербес шоттардағы өсімпұлды есептеу кезінде:

1) салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдерді, міндettі зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар, міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдарды және (немесе) жарналарды төлеуге банк шотынан ақшаны шығару күні;

2) банкке немесе уәкілетті органға салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдерді, міндettі зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар, міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдарды және (немесе) жарналарды төлеуге қолма қол ақша енгізу күні;

3) банкоматтар және өзге де электронды құрылғылар арқылы төлемді жүзеге асыру күні;

4) табыс салығының шартты банк салымына аудару күні ескеріледі.

Ескерту. 357-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (кунтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

358. Дербес шоттағы өсімпұлды төлеу кезінде салық және басқа да міндettі төлемдерді төлеуге ақшаны шығарылу күні салық төлеушінің (салық агентінің) банк шоттарынан қабылданады; банкке немесе уәкілетті органға салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдерді, міндettі зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар, міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдарды және (немесе) жарналарды төлеуге қолма қол ақша енгізу күні және банкоматтар және өзге де электронды құрылғылар арқылы төлемді жүзеге асыру күні.

Ескерту. 358-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (кунтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

359. Өсімақы есептеу кезінде салықтар мен төлемдердің басқа түрлеріне есепке жатқызу қорытындылары бойынша келіп түскен салық және басқа төлемдер бойынша дербес шотта қорытынды күні қабылданады.

360. Салық тексерулері нәтижесінде банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктер мен ұйымдарға есептелген өсімпұл салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер, міндettі зейнетақы жарналарының, әлеуметтік аударымдардың, міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдардың және (немесе) жарналардың, өсімпұлдардың және айыппұлдардың есептелген (кемітілген) сомалары туралы тізілім негізінде өткізіледі.

Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктер мен ұйымдарға есептелген және төленген өсімақы сомасын есепке алу үшін салықтық тексеру нәтижелері бойынша бюджет кірістерін сыныптау кодтарына сәйкес дербес шоттар ашылады.

"Операцияның мазмұны" бағанында "Тексеру акті бойынша есептелді" тиісті жазба жүргізіледі.

Дербес шоттың "Есептелген өсімпұл" бағанында Есептеу тізілімінде көрсетілген өсімпұл сомасы көрсетіледі.

Ескерту. 360-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (кунтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

361. Салық Кодексінің 609-бабы 3-1-тармағына сәйкес сот банкроттық туралы іс бойынша іс қозғау туралы ұйғарым шығарған күннен бастап және борышкерді банкрот деп тану туралы, сондай-ақ оналту рәсімін қолдану туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап бересі сомасына өсімпұл есептеу жүргізілмейді.

Ескерту. 361-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 09.12.2015 № 634 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

362. Бересінің бір ғана себебі жауапты бөлімнің есеп бөліміне ұсынған банкілерді жоюшы кредиторлар тізімі негізінде қызмет көрсетуші банктің жойылуы болып табылған жағдайда банктерді мәжбүрлеп жоюшы кредиторлардың бюджетіне салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, міндетті зейнетакы жарналар, әлеуметтік аударымдар, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар және (немесе) жарналар бойынша бересі сомасына өсімпұл есептелмейді.

Ескерту. 362-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (кунтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

363. Тізімде:

- 1) Салық төлеушінің атауы - таратылатын банктің кредиторы;
- 2) СТН;
- 3) өсімақы есептелмейтін бересі сомасы;

4) банкті мәжбүрлеп жою туралы шешімнің күшіне ену күні көрсетілуі тиіс. Есеп бөлімі қызметкери көрсеткен күннен бастап дербес шоттағы өсімақы есептеу тоқтатылады.

364. Сот шешімі бойынша бюджетке төленетін салық және басқа да міндетті төлемдерді өтеу үшін акциялардың қосымша эмиссиясы жүргізілетін бересі сомасына өсімақы Салық Кодексінің 610-бабы 8-тармағына сәйкес есептелмейді. Дербес шоттардағы өсімақы есептеуді тоқтату үшін жауапты бөлім есеп бөліміне көрсетілген салық төлеушілердің тізімін ұсынады.

Тізімде:

- 1) Салық төлеушінің атауы;
- 2) СТН;
- 3) өсімақы есептелмейтін бересі сомасы;
- 4) жарияланған акцияларды мәжбүрлі түрде шығару туралы сот шешімінің күшіне ену күні;
- 5) мәжбүрлі түрде шығарылған жарияланған акцияларды орналастырылудың аяқталу күні көрсетілуі тиіс.

365. Жеке тұлғаға бересі сомасына жауапты бөлім есеп бөліміне ұсынған тізімдер негізінде оның із-түссіз жоқ деп тану туралы соттың шешімі күшіне енгеннен бастап жеке тұлғаның бересіне өсімақы есептелмейді.

Тізімде:

- 1) жеке тұлғаның аты, әкесінің аты, фамилиясы;
- 2) СТН;
- 3) өсімақы төленбейтін бересі сомасы;
- 4) жеке тұлғаны із-түссіз жоқ деп тану туралы сот шешімінің күшіне енген күні;
- 5) жеке тұлғаны із-түссіз жоқ деп тану туралы сот шешімі күшін жойған күні көрсетілуі тиіс.

366. Жеке тұлғаны із-түссіз жоқ деп тану туралы сот шешімі күшін жойған жағдайда өсімақы аталған шешім күшін жойған күннен бастап өсімақы есептеледі.

367. Салық кодексінің 364 және 365-баптарына сәйкес жауапты бөлімнің есеп бөліміне ұсынған тізімдеріне жауап бөлімнің жұмысшысы, бастығы қол қояды және мемлекеттік кіріс органының жетекшіі бекітеді.

368. Негіzsіз өсімпұлдарды, сондай-ақ салық төлеушінің кіnәsінен емес өсімпұлдар сомасын негіzsіз есептеуге алып келген салық немесе басқа да міndettі төлемдер сомалары қате немесе дұрыс емес көрсетілсе, мемлекеттік кіrістер органының шешімімен, есепке алуды жүргізуге жауапты лауазымды тұлға осы шешімді шығарған күннен екі жұмыс күні ішінде дербес шотта тиісті жазба жасалады, ал көрсетілген салықты, басқа да міndettі төлемдер мен өсімпұлдардың сомалары түзетіледі.

Салықтар, басқа да міndettі төлемдер мен өсімпұлдардың негіzsіз есептелген сомаларын түзету жөніндегі жазбалар Есептеу тіzілімнің негіzінде жүргізіледі.

Ескерту. 368-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

369. Салық төлеушінің дербес шотында есепке жатқызуды жүргізу мерзімі бұзылған жағдайда, Салық кодексінің 610-бабының 13-тармағына сәйкес артық төленген салық сомасын растау кезінде салық төлеушінің есепке жатқызу туралы өтінішінде көрсетілген артық төленген салық сомасына пропорционал сомада

бересі сомасына өсімпұл есептелмейді. Бұл ретте өсімпұл артық төленген салық сомасын есепке жатқызуды жүргізу үшін Салық кодексінде белгіленген мерзім басталған күннен бастап есептелмейді.

370. Қосымша салық және есеп декларациясы бойынша соманы уақтылы төлемеген жағдайда дербес шоттағы өсімақыны есептеу белгіленген төлеу мерзімінен кейінгі күннен бастап жүргізіледі.

371. Салық Кодексімен белгіленген салық декларациясын ұсыну мерзіміне дейін ұсынылған декларация негізінде салық декларациясын ұсынуды үш айдан аспайтын мерзімге ұзартқан жағдайда дербес шоттағы салық төлеу мерзімі езгертілмейді. Осыған байланысты, салық декларациясын ұсыну мерзімі ұзартылған жағдайда дербес шоттағы өсімақы осы Ереженің 350-тармағына сәйкес есептеледі.

372. Өсімақы есеп айырысуы мынадай формулада жүргізіледі:

$$\Pi = (H * P / 100 * 2,5 * D) / 365, \text{ мұнда:}$$

П - есептелген өсімақы сомасы;

Н - бересі сомасы;

Р - қайта қаржыландыру ставкасы;

Д - мерзімі өткен күндер саны.

373. Есептелген өсімақы сомасы бюджет кірісінің жіктемесімен бекітілген салықтар мен басқа да міндettі төлемдердің тиісті кодтарына сәйкес есептеледі.

33-бап. Айыппұлдарды есептеу тәртібі

374. Салықтық және (немесе) әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік айыппұлдарды есепке алу мемлекеттік кіріс органдары құзыретіне жататын істерді қарару дербес шотта жүргізіледі.

375. Дербес шотқа әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша өндірісі қозғалғанлауазымды тұлғаның не оның басқармасының (бөлімінің) басшысына айыппұлдардың сомасын есептеу үшін салықтық тексеру нәтижелері және әкімшілік жаза қолдану туралы қаулы бойынша салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер, міндettі зейнетақы жарналар, әлеуметтік аударымдар, міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар және (немесе) жарналар және өсімпұлдар және айыппұлдар сомасын есептеуге (төмендетуге) Тізілімді толтырады және есепке алуды жүргізуге жауапты лауазымды тұлғаға ұсынады.

Ескерту. 375-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 19.07.2017 № 443 (күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

376. Салықтық тексеру нәтижелері және әкімшілік жаза қолдану туралы қаулы бойынша салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер,

